АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№ 30 (515)
27 шілде, 2023 жыл

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

Әскери жүйе мен ондағы олқылықтардың, жауабы жоқ сұрақтардың жыры аяқталмайды. Алайда жыл санап жүйені өзгертуге, жаңа мүмкіндіктер мен жақсы жаңалықтарды арттыруға жағдай жасалуда. Биыл жауапты мамандарға наурызмаусым және қыркүйек-желтоқсан айларында 18 бен 27 жас аралығындағы кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ 37 056 ер азаматты шақыру міндеттелген еді. Ішкі, сыртқы қауіпсіздікке жауап беруші – әскерилердің мемлекет саясаты мен болашағына тікелей әсері барын ескерсек, жастарға ұсынылатын талап-тілектерді қайта қарап шығу керегі жиі талқыға түсіп жүр. Ал жаңа Қазақстандағы жаңа әскери жүйе жастарға қандай мүмкіндік қарастыруда? Әскерден жалтарғандар қандай игіліктен құр қалады? Мұны аталған саланың тың жаңалықтарынан аңғарамыз.

ӘР ИГІЛІК – ӘСКЕРИЛЕРГЕ

Алдымен білім жүйесіндегі өзгерістен бастайық. Үкіметтің 2023 жылғы 15 шілдедегі қаулысымен Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары жүйесі мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақылары тарифтік ставкаға сай белгіленбек. Яғни, лауазым мен тәжірибеге қарай жалақысы жоғарылайды деген сөз.

Сонымен қатар қорғаныс министрлігінің мәліметінше, банктер мерзімді қызметтегі сарбаздарға қаржылық міндеттемелері, несиесі бойынша ай сайынғы төлемдерін 13 айға кейінге қалдыруға мүмкіндік береді. Әрі қызмет өткеру кезеңінде кредиторлар берешекті өндіріп алу бойынша сотқа істер және нотариусқа өтініш беруді тоқтататын болады. Әскери борышын аяқтаған соң жастар жеңілдіктерді пайдаланып, жоғары оқу орнына ҰБТ тапсырусыз түсе алатынын да айта кетелік. Бұл ретте көзге түскен сарбаздар жоғары оқу орнының гранты есебінен ақысыз оқуға түсе алады. Мұндай мүмкіндік кез келген елде жоқ екенін ескерсек, борышты өтеу арқылы тегін жоғарғы білім алу үлкен қолдау саналып отыр.

Азаматтық борышын өтеуден ат тонын ала қашатындар көп дедік. Ал оларды қинап немесе жұмыста жүрген жерінен әскерге алып кету оқиғалары әлеуметтік желі қолданушыларына агрессивті әсер қалдыруда. Заң бойынша бұл қаншалықты әділетті? Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовтың айтуынша, шақыртуға атқарушы билік жауап береді. «Оларды тізіммен қамтамасыз етеді. Әскери борышын өтеуден жалтарған адамды заң бойынша шақыртуымыз қажет. Біз тек заң аясында ғана әрекет етеміз. Қазіргі жастардың ойлау жүйесі басқаша. Егер сен еліңнің нағыз патриоты болсаң, әскерге баруың керек. Олар әскерге бармайды, түнгі клубқа барады. Денсаулығы түнгі лубқа барып, көңіл көтеруге жетеді екен, ал Отан алдындағы борышын өтеуге жетпей ме?», – деді министр.

Аталған салаға қатысты тағы бір жаңалық – келер жылдың бірінші қаңтарынан бастап пилоттық жоба аясында 17 жасар балаларды әскери есепке қоюды цифрландыру. Қорғаныс ведомствосының бастамасын Премьер-Министр, мүдделі мемлекеттік органдар, Астана, республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардың әкімдіктері түгел қолдап отыр. Яғни, оны іске асыру мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін модификациялау мен ықпалдастырудың арқасында мүмкін болмақ. Бұл еліміздің 16-60 жас аралығындағы азаматтарын әскери есепке алудың толық қамтылып жүргізілуіне мүмкіндік береді. Қолданыстағы заңға сәйкес жыл сайын он жеті жасқа толатын ер азаматтарды тіркеу жүргізіледі. Мұндай процедура әскери қызметке жарамдылық деңгейін алдын ала анықтайды.

«Осыған байланысты денсаулық сақтау ұйымдары бір айлық балалардан бастап 18 жасқа дейінгі балаларды кейіннен динамикалық бақылаумен және сауықтырумен профилактикалық медициналық тексерулерді жүзеге асырады. Бұл ретте жалпы практика дәрігерлері бейінді мамандардың қорытындысын және зертханалық-диагностикалық зерттеулерді ескере отырып, 15 пен 18 жас аралығында балалардың денсаулық жағдайына кешенді бағалау жүргізеді. Мұндай деректер Қорғаныс министрлігімен біріктірілген Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесінде көрсетіледі», – деп хабарлайды Қорғаныс министрлігі.

Жыл сайын 120 мыңға жуық 17 жасар бала әскери есепке алынатынын ескерсек, қызметті автоматтандыру шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру және жүргізу үшін жергілікті атқарушы органдарға жыл сайын бөлінетін миллиард теңгеден аса бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді екен. Ал үнемделген қаражат медициналық комиссия мүшелеріне еңбекақы төлеу, шалғайдағы ауылдық округтерден жастарды әскери комиссариаттарға алдыру сынды қызметтерге жұмсалатын болады.

Аделина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ

«АНГЛИЯДА ЕҢБЕК БАҒАЛАНАДЫ»

Бүгінде ешкімнің «алма піс, аузыма түс» деп қарап отырғысы жоқ. Бәрі қолдан келгенше тырмысып, тұрмыс-тіршілігін тұрлаулы етуде тынымсыз еңбек етуді құп көреді. Әсіресе, шетелге жұмыс істеуге баратындар қатары көбейді. Көбі «қара жұмыс» десе құлықсыздық танытады. Бірақ мұның өзге елде құнды әрі сұраныста ие екенін екшемейді. Қарапайым істің қаражатты қамдауға қаншалықты әсер ететіні сізге де қызықты болар?! Бұл туралы Англияда еңбек етіп жүрген жерлесіміз Думан Кеңшіліктен сұрап білдік.

– Тәуекелсіз істің өнбейтіні белгілі. Жалпы «Шетелде жұмыс істеймін» деген шешімге қалай келдіңіз?

– Жақсы өмір сүру үшін жалақы жоғары болуы тиіс. Тапқаның тамақтан артылмайтын болса, қалағаныңа қол жеткізу қиын. Сондықтан табысы басым бастамадан бас тартпай, іске икемделсең игілігін көретінін анық. «Бағындыруға тұрарлық кез келген мақсат тәуекелден тұрады» дейді. Шешім қабылдауда көп ойланбадым. Егер екі қолға бір күрек табылса, еңбегіңе татымды жалақы берілсе, мүмкіндікті неге пайдаланбасқа?! Негізі мұнда көбі қаржылық жағдайын жақсартуға келеді. Елде жүріп жетер-жетпес айлықпен жаңа қонысқа жайғасып, көлік мінуі үшін жылдап ақша жинау керек. Сол себепті жылдам қаражат жинап, жұмыс істеп, ел көргім келді. Қанша дегенмен өзге мемлекеттің тыныс-тіршілігімен таныс болу да қызық.

– Байқауымызша, шетелде қарапайым еңбек адамының табысы жоғары. Ал елімізде бұған көп көңіл бөліне бермейді. Осы жайында не дейсіз?

– Англияда еңбек бағаланады. Яғни, шетелде қара жұмыс – қаржы көзі. Мәселен, мұндағы жалақы ең төменгі күнкөріспен есептелгенде де біраз ақша. Содан болар көбі сыртта еңбек етуге ауес. Тіпті, дипломы бар мамандар да қара жұмыс істеуде құлықсыздық танытпайды. Тек қазақтар ғана емес, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Румыния, Болгария және Польшаның азаматтары да маусымдық жұмысқа қызығып келеді. Адал еңбегінді байқап, соған сай ақысын беретіні жақсы. Бұл тұрмысты түзетуге де едәуір ықпал етеді.

– Өзіңіз қандай жұмыспен айналысасыз? Құпия болмаса бір күндік табысыңызды айта кетсеңіз...

– Жұмыс істеймін деген адамға өзін сынап көруге болады. Түр-түрі бар, тиісінше айлығы да әркілі. Тек жалқаулыққа жар бермей, ат терлетіп алыстан келген соң көздеген мақсатыңа жету керек. Елде жүріп төрт жылда табатын ақшаны, шетелде 4-5 ай көлемінде жинауға болады. Бірақ мұндағы шығынды азайтып, үнемдей білген жөн. Егер тапқан табысыңды шашып, жұмсай берсең, ақшаның басы құралмайды. Өзім жүк тасымалымен айналысамын. Бір күнде 10 сағат немесе кей күндері 12 сағат жұмыс істейміз. Табыс мөлшері сағатына шамамен 5000 теңгені құрайды.

– Шетелге баруға ниет білдіргендердің орта жолдан алданып, жұмысқа жегіліп, қайтуға амал таппағанын да біліп-естіп келеміз. Мұндай қауіп құрығына түспес үшін нені ескеру керек?

– Иә, бүгінде құжат дайындап, жұмыс ұсынатын мекеме көбейген. Бірақ оның бәріне бас ұшырып, келісе беруге болмайды. Жеткенше жүзіңе жылпы қарап, кейін алдап кететін алаяқтар жоқ емес. Тіпті, барған соң аяғына тұсау салып, қайтармаудың қырық амалын қарастырады. Бұл бүгінгі жаңалықтардан таныс. Әлеуметтік желілерді зерттеу керек. Өйткені түрлі сайттар бар, соның ішінде санаулысы ғана сенімді. Ешкімге ақша беріп қажет емес. Әр адам өзі ізденіп, сауалнама толтырып жұмысқа баруына болады. Бірақ қазір ниет білдірушілер көп болғандықтан процес сәл қиындады. Айтарым, біреуге ақша беріп күтіп отыруға болмайды. Сондай-ақ өзіңе сенімді, іске мығым болу қажет.

– Англияда тұрақтап қаласыз ба әлде елге ораласыз ба? Алға қойған жоспарыңызбен бөліссеңіз...

– Англияда қалу мүмкін емес. Себебі 6 айлық жұмыс визасы «Тиер 5» болғандықтан әрі қарай қалу заңсыз. Келесі жылы елге қайтуым мүмкін. Ендігі жоспар, алдағы мақсатқа тоқталсақ, отбасын құрсам деген ниетім бар. Бәлкім Англияға келіншегіммен бірге келермін. Егер шетелде жұмыс істеу мүмкін болса, қорықпай шығу керек. Алғашында күдік пен үрей болатыны заңдылық. Бірақ қабілетті әрі өзіне сенімді адам бәріне тез бейімделеді.

Сұхбаттасқан Нәзік АХМЕТ

3 бетте

ГЕНДІК ИНЖЕНЕРИЯ АДАМЗАТҚА ШАБУЫЛ МА?

7 бетте

СЫР АБЫРОЙЫН АРТТЫРҒАН

4 бетте

АЗАМАТТЫҚ НЕКЕ АЗАМАТТЫҚҚА ЖАТА МА?

ТАРИФТІ ӨСІРУ МӘСЕЛЕНІ ШЕШЕ МЕ?

Тіршіліктің тамырына қан жүгіртетін жарық пен жылу, су екені көпке аян. Мұның бірі болмаса жұрт жоғалғанын іздеп, күйбең тірлікте күйгелектеніп кетеді. Қымбатшылық қыспаққа алған мезетте коммуналдық төлемнің де артқаны қалтаға салмақ. Десе де айлық туссе, төлем жасауға асығатындар «жарық пен жылуға жұмсалған ақша адал» екендігін алға тартады. Бірақ сапада сын бары жасырын емес. Аспан ала бұлттанып, жаңбыр жауса болғаны көпшілік жарыққа жарымай, жылу да істен шығады. Әсіресе қыстың қытымыр аязында сөнген жылу әлекке салатыны тағы бар. Қараңғыда қапылып жүріп, арнайы мамандарды шақыра қалсаң бағанадан болған ақауды айтып бәлсінеді. Ал кей өңірдің тұрғындары ми қайнатар ыстықта судың жоқтығынан жағдайдың мәз еместігін жеткізеді. Енді тариф бағасының қымбаттауы сапаны қаншалықты жақсартады? Мәселе қалай шешілмек?

Төлемді сәл кешіктірсең құралын қолына қысып келіп, тоқты қиюға әзір тұратындар кісімсін кетеді. Бірақ «қарызды айтқанда қаймықпайтындар парызын қаншалықты өтеп жүр» деп ойға қаласың. Әлде әлгіндей шатырға дейін ұшырып өкететін жел бағананың басын шайқағанынан бейхабар бола ма? Жүйкені жүндей түткен мәселені қаузап, көп көкейіндегісін кесіліп жазса жарытып жауап та ала алмайды. Сонымен тариф қымбаттауы негізінен тозығы жеткен коммуналдық желілер жаңартылып, аталған салалағы қызметкерлердің жалақысы көбеймек. Осыдан салалағы кемшілік кеміп, сапа ойдағыдай болса игі. Сонда ғана дүлей дауылда дүрлігетін жұрттың жаны жай табар.

2 бетте

БОЛМАҒАН БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Соңғы кезде көпбалалы отбасылардағы бала тәрбиесі қоғам тарапынан жиі талқыға түсіп жүр. Оған себеп жоқ емес. Біріншіден, баланың әлеуметтік-материалдық жағдайы үйдегі бала санына байланысты. Екіншіден, мұндай отбасыларда үйдің тұңғышы өзінен кейінгі бауырларын бағып, өсіретін «көмекші» рөліне өнеді де, балалық шағы тез аяқталуы мүмкін. Үшіншіден, қыз – қонақ, ұл – ұрпақ деп білетін кей отбасында ұлға «жөту» үшін бірнеше қызды дүниеге әкеліп жатады. Нәтижесінде қоғамда өз құнын білмейтін қыз бен қалағанына «жалғыз ұл» болғаны үшін ғана оңай қол жеткізіп үйренген ұл көбейеді. Таразыға қай-қайсысын салсақ та, көпбалалы отбасыдағы бала тәрбиесіне толық көңіл бөлетін ата-ана аз.

«КАПЕРНАУМ» НЕМЕСЕ ӘР БАЛАНЫҢ ӨЗ НЕСІБЕСІ БАР

Әрине, бала – бақыт, бала – байлық, мемлекеттің құнды қазынасы. Бірақ әңгіме сан емес сапа туралы болып отыр. «Алтын құрсақ» әжелердің ізін жалғап, көпбалалы ана ретінде қазақтың санын көбейтіп жүрген аналар қаншама?! Дегенмен бақытты отбасында, бақытты анадан туып-өскен бала ғана қоғамға да бақыт сыйлап, өзін де, өмірді де жақсы көретінін ескерсек, баланы алдын ала жоспарлау қалыпты дүние секілді. Бұл туралы қазақстандық репродуктолог Салтанат Байқошқарова: «Еліміздегі 1000 жүкті әйелдің 23-і 15-19 жас аралығындағы жасөспірім қыз болса, оның 15 пайызы кездейсоқ жүкті болып қалған соң түсік жасатады немесе жетімдер үйіне өткізеді. Яғни, әр алтыншы жүктіліктің соңы абортпен аяқталады... Бұл – жүктілікті жоспарламағанның нәтижесі.

Баланы жоспарлап дүние әкелу десең, көпшілік «әр баланың өз несібесі бар», «бір қозы туса, бір жусан артық шығады» деп мақалдатып кетеді. Адамды малмен салыстыруға болмайды. Малда сана жоқ, ол жүктілігін жоспарлай алмайды. Біздің малдан айырмашылығымыздың өзі санамыздың барында емес пе... Оның үстіне малға тек жем, шөп, жайлы жер болса жеткілікті. Ал адам баласының қажеттілігі жоғары. Мысалы, тамақ, киім, баспана, білім. Әйелдер бала керек деп денсаулығына қарамай туып жатады. Ондай жағдайлардың көбі ана немесе бала өлімімен аяқталады. Балалардың арасы кем дегенде 2 жыл болу керек. Бір жыл баланы емізсе, екінші жылда әйел денсаулығын түзеу керек», – дейді. Иә, саннан сапаның маңызды болуының мәнісі осында жатыр.

Аталған мәселе көрініс тапқан, өмірде болған оқиғаға құрылған «Капернаум» фильмін көрмеген адам кемде-кем шығар. Басты кейіпкер Зейін деген 10 жасар баланың ата-анасы материалдық жағдайының мәз емес екендігіне қарамастан, бірінен соң бірін кезекпен дүниеге әкеле береді. Оларды тәрбиелеуге уақыты жоқ. Нәтижесінде Зейін де, басқа бауырлары да оқымайды, мектеп жасынан-ақ жұмыс істейді. Орын алған түрлі жағдайдан соң ол өзінің туған әке-шешесін сотқа береді. «Мені дүниеге алып келгені үшін ата-анамды соттағым келеді. Енді бала тумаса екен. Мен мына өмірде қорлықтан басқа нәрсе көрген жоқпын» дейді. Яғни ата-ана баланы, бала ата-ананы таңдай алмайды. Ал дүниеге келген әр бала – бүтін бір бөлек жауапкершілік, бөлек өмір.

«АЛТЫН АЛҚА» ҮШІН АНА АТАНУ...

2022 жылы көпбалалы отбасыларға берілетін жалпы сомасы 346,8 млрд теңге мемлекеттік жәрдемақыны орта есеппен 501,2 мың отбасы алды. Демек, 501 мың көпбалалы отбасы бар деген сөз. Аталған мемлекеттік жәрдемақыға 4 және одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студент балалары бар отбасылар табысына қарамастан үміткер бола алады.

Жасыратыны жоқ, қоғамда 3 баланы дүниеге әкелген соң 4-іншісіне ұмтылып, «көпбалалы» статусына иелену үшін ғана бала туатындар бар. Әрине, 2000 жылдан бері қарайғы буынның ата-аналары үшін бұл қалыпты нәрсе болуы мүмкін. Себебі олардың өздеріне ата-анасы жеке уақыт бөліп, әр баланы махаббатпен тәрбиелеген жоқ. 10 шақты бала болу да қалыпты дүние еді. Солайша, бір-біріне сүйеніп ересек өмірге аттанып кетті. Балалық шағы болмаған адамға өз сәбиінің «балалығы» болмауы да – норма. Әрине, өткенді електен өткізіп, бүгінді бағамдайтын саналы азаматтар бала мен оның болашағына бейжай қарамас.

Көпбалалы отбасылардың барлығында тәрбие ақсап тұр десек айыптау болар. Өйткені құндылықтан қашықтамай, ұлт пен ұятты, адалдық пен адамдықты үйретуді басты мақсат етіп, бала тәрбиесіне барын салатын ата-аналар баршылық. Дегенмен баланы қалай тәрбиелеу керек? Бұл сұрақтың жауабын көп іздемей, айналып келіп өзіміздің Абай-ұстазымыздан табамыз. «Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады?» дей келіп, «Артымнан құран оқысын деп тілейді» дейді. «Артымнан балам құран оқысын десең, тірлікте өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса, өлген соң кім құран оқымайды? Егер жаманшылықты көп қылған болсаң, баланның оқыған құраны сені неге жеткізеді? Тірлікте өзіңе-өзің қылмаған істі өлген соң саған балаң қәсіп қылып бере ала ма?» дейді. Демек, баланы тәрбиелеп, баланы өмірге дайындамас бұрын, алдымен өзің жақсы болуың керек. Сонда балаң өзі-ақ жақсы болады. Бірінші өзінді тәрбиеле. Абайдың бала тәрбиесіндегі ұстанымы осындай.

АРУЛАРДЫҢ АЙТАРЫ БАР

Аталған тақырып «батыстан» келген болмашы ой деп қабылдағысы келмейтіндер бар болғанымен қоғамда маңызға ие. Оны түрлі әлеуметтік желілерде талқыға түсуінен-ақ байқаймыз. Мәселен, фейсбук желісіндегі топтардың бірінен Гүлдана Жетпісбайқызы есімді тіркелуішінің пікірін оқып қалдым. «Қазақтың санын көбейту туралы пікірдің бәрі орынды. Бірақ кей жастардың басында үйі жоқ, қолында жұмысы жоқ. Өмірге келген баланың несібесі болады деу артықтау. Бір жолғы жергекпұлдан басқа айына он мың береді, оны да бір жасқа дейін, ол қай жыртығын жамайды?

Бұрынғыны айту артық. Ол кезде пәтерақы жоқ болған, қорада малы болған, ауылда отырып-ақ асырауға болатын. Қазір бәрі басқаша, нан табудың өзі қиын болып тұр. Заманына қарай амалы демекші, көп бала тауып, олардың қажеттіліктерін өтеуге қиналып жатқанда, кедей санын көбейтіп керегі жоқ», – дейді ол.

«6 қыздың үлкенімін. Ата-анам соңына дейін ұл баланы қалаған секілді. Дегенмен ұл бұйырмапты. Бірақ қыз бала бар жерде береке бар. Өзім тұрмысқа шыққан соң ұл-қыз деп бөле-жара қарағым келмейді. Себебі ол қолында барға риза болмай, жоқ нәрсені сұрау сияқты.

Мені өзіммен бірге оқитын топтастарым «группаның мамасы» дейді. Бастапқыда солай атаса, ұялатынмын. Бірақ өзімнен кейінгі балаларды бағып-өсірем деп, бәрінің жағдайын жасайтын, көбірек көңіл бөлетін, еркелететін ана рөліне қалай кіріп кеткенімді білмеймін. Мен үшін қалыпты нәрсеге айналды», – дейді көпбалалы үйдің тұңғышы, ақтөбелік Әсел Омарова.

САЯСАТТЫҢ ЫҚПАЛЫ

Осыған дейін «Бір отбасы – бір бала» саясаты бойынша қытайлық ерлі-зайыптылар 1 ғана сәби сүюге міндетті еді. Қысқасы жалғыз бала есейіп, үйленгенше оның әке-шешесі қартайып үлгереді. Ата-анадан бөлек үйде ата-әжесі бар. 1 бала 4 зейнеткерді асырауға тиіс болады. Нәтижесінде ата-анасын қарттар үйіне қуғандар көбейді. «Бір баласы бардың шығар шықпас жаны бар». Бетінен қақпай, белінен буып өсірген үйінің жалғыздары қатігез буынға айналды.

Қытай билігі «Бір баланың» осындай кесірге әкеп соққанын көрген соң, екіншіге рұқсат бермеске амалы қалмады. Тууды шектеу саясаты тек ата-ана мен баланың арасындағы қатынасқа әсер етіп қоймай, әйел мен еркектің тепе-теңдігіне әсер етті. «Жалғыз» деп шектеген соң жұрт тек «ұл тусам» дейтін. Енді ұл мен қыздың саны теңесіп, шетелден қыз іздейтін жігіттер азайды. Мұнда жаңа туған 100 қызға 250 ұл баладан келеді. Енді осыны миллиардқа есептеп көріңіз. Шамамен 18-20 жылдан соң 24 миллион еркек қалыңдыққа зәру болады. Отбасы құрмаған жігіт айналып келіп, қолда барын ойын-сауыққа жұмсайды, маскүнемдікке салынады. Оның-соның төбелес, ұрлық-қарлық, қылмыс. Өткен жылы ғана қытайлық отбасыларға 3 бала тууға рұқсат етілді.

Саясатқа да, санға да қарамастан әр бала қамсыз балалығын өткеруге лайықты екенін ұмытпайық. Сәбидің бәрі бақытты болу үшін ғана жаралған.

Дина БӨКЕБАЙ

ТАРИФТІ ӨСІРУ МӘСЕЛЕНІ ШЕШЕ МЕ?

Жалғасы. Басы 1-бетте

– Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасына сәйкес 2030 жылға қарай коммуналдық желілердің жалпы тозу көрсеткішін 40%-ға дейін төмендету міндеті тұр. Жылумен жабдықтау желілері бойынша 43%-ға дейін, сумен жабдықтау бойынша 32%-ға дейін, су бұру бойынша 44%-ға дейін жоспарланған. Тозуды төмендету бойынша нысаналы индикаторлар белгіленіп, өңірлерге жеткізілді,— деген болатын Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев.

Яғни биыл 126 шақырым жылу желілерін жаңғыртуға 86 млрд 300 млн теңге бөлінген. Сонымен қатар министрлік алдағы жылу маусымына дайындық барысын және жылумен жабдықтау жобаларына мониторинг жүргізу мақсатында жұмыс тобын құрып, тексеру жұмыстарын жүргізуді бастаған. Бюджеттен бөлінген қаржы талапайға түспей, есебі түгенделсе жаңалық та мардымды болмақ. Тарифтің өсуін сапаның түзелуімен байланыстырған басшылықтың жоспары жүйелі болсын дейміз.

– Станциялар, коммуналдық кәсіпорындар іс жүзінде 3 жылдан астам уақыт бойы табыссыз жұмыс істеп келді. Сондықтан жөндеу жұмыстарына қаражат салған жоқ. Қаражат салынса да, ол қарыз алу арқылы немесе мемлекет есебіне жүзеге асырылды. Энергия нысандарын жөндеу құны ондаған есеге қымбаттап кетті. Ал, кәсіпорындар оларға тиімді жұмыс жағдайын ұсына алмады. Бұған қоса 2021-ші жылдан бастап Қазақстанда электр энергиясының тапшылығы пайда болды. Біз электр қуатын ұлғайтуға тиіспіз. Сондықтан тарифтерді өсіру – қажеттілік, – деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысы атап өткендей, металл мен құбырлар, арматура мен электротехникалық бұйымдардың және басқа да жабдықтардың бағасы айтарлықтай өскен. Жалақының төмен болуына байланысты энергетика саласынан білікті мамандар жаппай кете бастады.

–Тарифтердің өсуі кей өңірлерде 10 пайыздан басталса, кей жерлерде 30 пайызға дейін баруы мүмкін. Өйткені есеп бойынша әрбір өңірдің өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, желілердің тозуы, инвестицияны тарту деңгейі немесе маман жалақысының аздығы, онымен қоса желілердің көп не аз болуы. Яғни әр өңірде әртүрлі жағдай болуы мүмкін. Сол себептен есеппен санаған кезде 10-30%-ға дейін өзгеріп отырады. Мысалы, 10 пайызға өседі делік. Кей пәтер иелері коммуналды қызметтерге айына 8 000-9 000 теңге төлеуі мүмкін. Енді бұл соманың 10%-ы 800-900 теңге шамасында болады. Оны азаматтардың ай сайын төлейтін түбіртектегі сомасына қарай есептеуге болады, — деді ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитеті төрағасының орынбасары Нұрлан Болатбаев.

Күнкөрістің өзі күшке түскен уақытта бағаның шарықтауы оңай тимейтіні анық. Айлыққа әрең жеткенде баға бағамының әлсін-әлсін өсуі әбігерге салатыны ақиқат. Жаз мезгілінде біліне қоймас, бірақ күзден бастап коммуналдық төлемге жұрт тапқан-таянғанын беруіне тура келеді. Десек те Үкімет әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасының шығынын өтеуге әзір. Тек оның да өзіндік талабы бар. Бастысы төлем алушының меншігінде Қазақстан аумағында бір ғана баспана болуы керек немесе ол мемлекеттік тұрғын үй қорынан, жеке меншік тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған баспананы жалға алушы болуы тиіс. Егер коммуналдық қызметтерге жұмсалатын сома отбасының немесе азаматтың бір айдағы жиынтық табысының 10%-нан асатын болса, тұрғын үй көмегі беріледі. Бұрын бұл көрсеткіш әр өңірге байланысты 2-20% аралығында болған. Бұл ретте әкімдіктер рұқсат етілген шекті деңгейді 10%-дан төмендетуге құқылы. Мысалы, отбасының немесе азаматтың бір айдағы жиынтық табысы 100 мың теңгені, ал коммуналдық қызметтерге жұмсалатын шығыны 15 мың теңгені (табыстың 10%-дан астамын) құраса, онда азаматтың жергілікті бюджет қаражаты есебінен өтем алуға құқығы бар.

Сайып келгенде желінің істен шығып, бағананың құлауға келгенін көргенде ғана көз ашылған сыңайлы. Әлде ескіге жапсыра бергеннен жаңа болмайтынын ұқты ма? Әйтеуір «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы жырытқы жамап, сыр берген сапаға өң бермек. Енді бұқара іс жүзінде игілігін көрсе, құпталған қағидаттың нанымды нәтиже бергені.

Нәзік АХМЕТ

НАУҚАСТЫҢ АЯҚҚА ТҰРУЫ ДӘРІГЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Нұрбол Базарбаев Қызылорда қаласында дүниеге келген. М.Оспахов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің емдеу факультетін 2010 жылы тәмамдаған. Астана қаласындағы Ұлттық ғылыми медицина орталығында «Жедел кардиологиядағы шұғыл көмек көрсетудің маңызы» атты оқу курсынан, Ұлттық ғылыми орталығында «Туа пайда болған жүрек ақауын эндоваскулярлы жолмен емдеу» тақырыбындағы шеберлік дәрісінен өткен. Сингапур және Париж қалаларында халықаралық симпозиумдарға қатысқан. Алматыдағы қалалық кардиология орталығында «Рентген-хирургия» курсы бойынша білім алған. 2014 жылы «Follow meeting» конференциясында «Миокард инфаркты кезіндегі жедел тромбоз» тақырыбында баяндама қорғады. Бүгінде көпбейінді облыстық ауруханасында кардиолог болып қызмет ететін маманмен тілдескен едік.

– Жүрек ауруының алғашқы белгілері қандай?

– Жиі кездесетіні – жүректің ишемия ауруы. Жүрек артериялары зақымдалуының белгілері – жүрек тұсының ауырсынуы (күйдіріп, ашып, шаншып, қысып), жауырынға, сол қолға берілуі, ауа немесе ауа жетпейтіндей сезіну, салқын терге малыну, қорқыныш сезімі, жүрек қағу, әлсіздік. Тамырда тромб болып, жүрек бұлшықеттеріне қан жетпегенде жүрек ұстамасы болады. Қан жетпегендіктен жүрек бұлшықеттері жансыздана бастайды. Ұзақ қан жүрмей қалса, жүрек те соғұрлым зақымданады. Инфаркт миокарды әртүрлі болады. Жиі кездесетін белгілері – кеуде жайсыздығы, әсіресе көкіректің орта тұсында күйіп, толып тұрғандай сезіну, ауыру; бір немесе екі қолда бірдей, иықта, мойында, арқада, жақта немесе іш тұсында жайсыз сезіну, бас айналу, әлсіздік, тершендік, жүрек айну; ауа жетпеу.

– Жаңа туған нәрестелердің «жүрегінде ақау бар» деп жатады. Негізінен бұл тұқым қуалай ма?

– Туа пайда болған жүрек ақаулары көбіне ұрықтың даму кезінде жүректің қалыпты жетілмеуінен болады. Бұл жағдайда жүректің ішкі қабаты қабынып, қақпақшалар беріштеніп, кішірейіп, жүрекше арасындағы сағылауды толық жаба алмайды. Сондықтан жиырылғанда қан жүрекшеге қайта құйылып, оны кернеп әлсіретеді. Қан айналысы бұзылып, жүрек қызметі нашарлайды. Туа пайда болған жүрек ақауы тұқым қуалайды. Дер кезінде анықталған жүрек ақауын елімізде емдеуге мүмкіндік бар. Оны анықтағанмен, диспансерлік бақылауда болмауы, науқастардың денсаулығына аса мән бермеуі, декомпенсация сатысында келуі жүрек трансплантациясын қажет ететін күрделі жүрек ақауына ұласады.

– Жүрегі ауыратын науқасқа ота сәтті жасалған жағдайдың өзінде екі күннің бірінде денсаулығы сыр береді. Науқас күнделікті дәрі қабылдауға міндетті ме?

– Науқастарға уақытылы ота жасалғанмен, басты көмек – науқастардың өз-өзін күтінуі, яғни, режим сақтау, дене шынықтыру, жаттығу, таза ауада серуендеу, берілген дәрі-дәрмекті уақытылы қабылдау, жылына кем дегенде 2 рет аймақтық дәрігерге көріну, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау. Ота жасалғаннан кейін дәрігер кеңесіне жүгініп, айтқандарын орындауы тиіс. Науқас ауруынан толық сауығып кету үшін дәрігерге көмектесіп, уақытылы дәрі қабылдауы тиіс.

– «Ұзақ жасағың келсе, жүрегінді аяла» деген бар. Білікті маман ретінде халыққа қандай кеңес берер едіңіз?

– «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жолізде» демекші, ауруды емдегеннен гөрі алдын алу оңай, сондықтан профилактикамен әрбір тұрғын айналысу керек. Ең негізгі кеңесім: таза ауада серуендеу, қимыл-қозғалыста болу, ас мәзірін реттеу (қуырылған, майлы, ашы асты шектеп, дәрумендерге бай жеміс-жидектер рационын көбейту), қайталап айтатыным, уақытылы дәрігерге көріну керек.

– Сұқбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Мөлдір САБЫРЖАН

МЕДБИКЕНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҚАЛАЙ БАҒАЛАЙСЫЗ?

Медициналық көмектің сапасы дер кезінде көмек көрсетумен өлшенеді. Қазір медбикелердің білімін, кәсіби дағдыларын арттыру жолға қойылған. Орта медициналық білімі бар білікті мамандар денсаулық сақтау ғана емес, халыққа әлеуметтік қызмет көрсету саласында да өз қызметін сәтті жүзеге асыруда. Халықтың медициналық көмектің сапасына қанағаттануы – денсаулық сақтау саласындағы мәселелерді тиімді шешудің жетекші факторы.

Денсаулық сақтау және әлеуметтік ұйымдар медицина сапасына қанағаттану, мейірбике қызметкерлерінің жұмысын бағалаудың оңтайлы критерийін бағалауды жолға қойған.

Жоғарыда айтылған зерттеу сауалнама түрінде социологиялық әдісті қолдану арқылы жүргізіледі. Жақында осындай сауалнамаға барлығы 18 бен 87 жас аралығындағы 20 пациент қатысты.

«Сіз медбикенің кәсіби шеберлігін қалай бағалайсыз?» деген сұраққа келесі нәтижелер алынды: 60% адам медбикенің шеберлігін 5 балмен бағалады, 30%-ы 4 балмен, 10%-ы 3 балмен бағалады. Мейірбикелердің жеке қасиеттерін бағалауды талдауға қатысқан 90% (18 адам) жауапкершілікті ең маңызды сапа деп санайтынын көрсетті, содан кейін нәтижелер келесідей бөлінді: 80% – зейінділік, 60 % – әдептілік, 50 % – қарапайымдылық, 40 % – ұқыптылықты маңызды санады.

«Мейірбике сізге ойдағыдай көмек берді ме?» деген сұрақтың нәтижесі төмендегідей. Көп бөлігі қанағаттанатынын айтса, 10% «жоқ» деп жауап берді. «Медбикенің жұмысына көңіліңіз тола ма?» деген сұраққа 80% (16 адам) иә, 20% (4 адам) жоқ деп жауап қалдырды.

"Медбике қауіпсіздік ережелерін ұстана ма?" деген сұраққа 60%-ы иә деп, 30%-ы жоқ десе, 10%-ы жауап беруге қиналамын деген нұсқаны таңдады.

«Сіздің ойыңызша, мейірбикелік көмектің сапасын қалай арттыруға болады?» деген сұраққа жауап бере отырып, пациенттер бірінші кезекте медбикелердің жалақысын көтеру туралы ұсыныс жасады. Екінші орынға олар жүктемені азайтуға көмектесетін іс-шараларды қабылдау туралы ұсыныс қойды.

Зерттеу нәтижелері келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. Мейірбикелердің жұмыс сапасына пациенттердің қанағаттану дәрежесі жалпы жоғары.
2. Мейірбикелердің кәсіби дайындығы айтарлықтай жоғары, пациенттердің 60%-ы осылай деп бағалайды.
4. Пациенттер үшін ұжымдағы қарым-қатынас та маңызды рөл атқарады.

Алия ЕРМАНҚЫЗЫ

ГЕНДІК ИНЖЕНЕРИЯ АДАМЗАТҚА ШАБУЫЛ МА?

Бүгінде толғандыратын үлкен мәселелердің бірі – азық-түлік өнімдерінің, жануарлардың, тіпті, адамның гендік модификацияға ұшырауы. Жалпы гендік модификация немесе гендік инженерия дегеніміз не?

ГМО (Гендік модификацияланған организм) – гендік инженерия әдістері арқылы жасанды түрде гені өзгертілген ағза. Бұл зертханалық жадайда организмнің генін редакциялау дегенді білдіреді. Деректерге сүйенсек, өткен жүзжылдықтың 70 жылдарынан бері ғалымдар ГМО-ны қолданысқа енгізді. Бірқатар ғалымдар «ГМО – адамзатты аштықтан алып қалу жолы» деген ұстанымда. Өйткені, ғылыми болжамдарға сәйкес, 2050 жылға қарай жер бетіндегі адам саны 10 млрдтан асып кетеді. Ал кейбір ғалымдардың тұжырымынша, ГМО – адамзатқа жасалған қастандық.

Гендік модификацияның әу бастағы мақсатын айттық. Алайда ғылыммен технология дами келе, қазіргендік инженерия адам генін өзгертуге де жетті. Адамға гендік модификация жасау ғылыми және адамгершілік тұрғыдан алғанда дұрыс емес болғандықтан көп елдерде бұған тыйым салынған. Дегенмен АҚШ, Қытай секілді елдер адамзаттың өмірін ұзартамыз, генетикалық және иммундық ауруларды түбірімен жоямыз деген секілді желеумен адам геніне қол сала бастады.

Дәрігер-интерн, MedSupport тәуелсіз қауымдастығының волонтері Нұргүл Шеруенованың айтуынша, ГМО дәрі-дәрмектерінің көмегімен қатерлі ісіктің кейбір түрлерін емдеуге болады: адамның иммундық жүйесінің жасушалары қатерлі ісік жасушаларын тани алатындай етіп өзгертіледі. Сондай-ақ, буллезді эпидермолизден зардап шеккен неміс баласына ГМО-тері трансплантациясы жасалғанын білеміз. Дәрігерлер өзінің тері жасушаларын алып, оларға бұзылған генді трансплантациялады, терінің жаңа, түзетілген қабатын өсірді және оларды науқасқа қайта салды. ГМО дәрумендер жасау үшін және гемофилия сияқты ауруды емдеу үшін, тіпті қазіргі таңда вакциналар, экологиялық таза отын, тағамдық құндылығы жоғары өнімдерді алу мақсатында қолданылуда.

Тақырыпты тарқату үшін бірқатар мысалдар ұсынсақ. Жуырда Қытай ғалымдары қан ауруының күрделі түрін жұқтыру қаупі болса да адам эмбрионына модификация жасаған. Сонымен қатар гендік терапия әдісін қолдану арқылы адам өмірін сақтап қалуға болатынын дәлелдеген. Лондондағы Грейт-Ормонд-стрит балалар ауруханасында гендік терапия әдісімен бір жасар қыз баланы лейкемия ауруынан құтқарған.

Әлі де кейбір мемлекеттер бұл медицина ғылымын дамытудың қарапайым әдісі деп санаса, енді біреулер бұл «балалар дизайны» технологиясынабастаған өте қауіпті әрі даулы қадам деп есептейді.

Бірақ Фрэнсиса Кирк институтының ғалымдары медицинада үлкен жаңалық ашып, осы әдістің болашағы жарқын екенін дәлелдеуі мүмкін. Бір жағынан, өзгерістер бізге ауыр генетикалық аурулармен күресте айтарлықтай көмектеседі және қазіргі уақытта адамдардың өмір сүру деңгейін едәуір жақсартады. Екіншіден, адам эволюциясына тікелей әсер етеді. Ғалымдардың болжамына сәйкес, болашақта адам құрсақтағы баланың түр келбетін, интеллектуалды қабілетін, денсаулығын өз қалауынша өзгертетін дәрежеге жетеді екен. Ал бұған сіздің ойыңыз қандай, ойлы оқырман?

Айбарша СЫРЛАН

ОТБАСЫ – ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ

Жақында А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде отбасылық құндылықтың жандануына, дәстүрдің жаңғыруына, түрлі буын өкілдерінің арасындағы сыйластықтың нығаюына, ұрпақ тәрбиесіне жаңаша дем беріп, өнегелі әулеттің өрісін кеңейтуге ықпал еткен «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы қалалық кезеңінің жеңімпаздары марапатталды.

Конкурс 2014 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Мақсат – қазақстандық отбасының жағымды имиджін насихаттау, отбасы институтын, адамгершілікті, руханиятты нығайту, бала тәрбиелеудегі жауапкершілікті және ұлттық тәрбиені дәріптеу.

Жалпы байқауға қатысуға 21 отбасы өтініш тапсырған. Комиссияның шешімімен іріктеуден өткен 7 отбасы түрлі номинациямен марапатталды. Соның ішінде II дәрежелі дипломмен қызылордалық Сұлтан отбасы марапат бигінен көрінді. Осы орайда Сәбит Сұлтан мен келіншегі Айнұр Болатбекқызын әңгімеге тартуды жөн көрдік.

Олар көпбалалы отбасы. Олардың үш ұл, үш қызы бар.

– «Мерейлі отбасы» байқауы жыл сайын өтеді. Биыл бақ сынап, қатысып көрейік дедік. 21 отбасының ішінен іріктеліп шығудың өзі бізге қуаныш сыйлады. Содан кейін II орын алғанымызды естіп, қуаныш еселенді. Мен ата-анаммен бірге тұрамын. Екеуі де зейнеткер. Әкем электрик болып, анам есепші болып жұмыс істеген. Әйелім күміс алқа иегері. Бүгінде үй шаруасында. Мамандығым қаржыгер, «ПетроҚазақстан» АҚ Мұнай компаниясында бөлім басшысы болып жұмыс істеймін. Облыстық қоғамдық кеңес мүшесімін, бюджет және қаржылық мәселелер бойынша комиссия төрағасымын», – дейді Сәбит бізбен әңгімесінде.

Сәбит Сұлтанның есімі қызылордалықтарға таныс. Себебі ол бұған дейін қайырымдылықпен айналысып келген. Тұрмысы төмен отбасыға баспана сыйлауға мұрындық болған. Анығында түрлі сала өкілдері бірлесіп қаржы жинап, үш жылда үш отбасыға баспана сыйлаған.

– Бір кездері «ертең мен де ер жетіп, еңбек етіп, адамдарға көмектесемін» деп өзіме уәде бергенмін. Өсе келе уәдемді қалай да орындау керекпін деп шештім. Осылайша 10 жігіт жиналып, айлықтан ақша жинап тұрдық. Ақша арнайы қайырымдылық жәшігіне салынады. Біз тек баспана алып бермейміз, оның ішіне жөндеу жұмыстарын жүргізіп, кем-кетігін түзейміз. Әйткені жалғызбасты, мүгедек бала бағып отырған ананың оған мұршасы келмейді. Біз осыны ескердік, – дейді ол.

«Отбасымызда ең бірінші маңызды ұстаным – үлкенге құрмет, адал жолмен нан табу, елге, қоғамға қызмет ету, пайдалы болу. Ажырасу көп жағдайда бір-біріне артық талап қойғанда орын алады.. Егер қанағат болса, мәселе туындамас еді. Жас келінді әлеуметтік желі емес, енесі тәрбиелеп, жаңа әулетке сіңуіне көмектесу қажет», – дейді Сәбит.

Бала тәрбиесі де өзекті тақырып. «Бала – ата анасының айнасы. Әр уақыт өке ұлдарына үлгі болу қажет. Спорт пен өнерге баулуға тырысамын. Бірге серуендейміз. Бірге басқа елдерге қыдырамыз. Үлкен қызым Дариға 2007 жылғы, өткен жылы FLEX бағдарламасынан грант жеңіп алып, 1 жыл АҚШ-та тегін оқып қайтты. НЗМ-да 11 сынып оқушысы. Ұлым Ерсейіт Абай атындағы мектеп оқушысы. Фарида Абай мектебінде оқиды. Ахмет, Мәриәм, Мұстафа деген ұл-қыздарым бар. Ұл мен қыз әсіріп отырған соң да баланың болашағына қатты алаңдаймын. Тәрбиесіне жіті мән беремін. Жұмыста болсам да жиі-жиі хабарласып, жағдайларын білуге тырысамын. Ата-анам үйде, олар да бала тәрбиесіне кеңіл бөлуге тырысады», – дейді Сәбит.

Үлгілі отбасы – қоғам тірегі. Жұртқа үлгі болу үшін, ең алдымен, өзің үлгі көрсетуің керек. Қызметте алда болып, адал еңбегіннің жемісін көруге ұмтылу қажет. Отбасылық құндылықтың ең бастысы ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген сыйластығы, – дейді жары Айнұр.

Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА

АЗАМАТТЫҚ НЕКЕ АЗАМАТТЫҚҚА ЖАТА МА?



Неке – нәзік қарым-қатынас. Екі адамның бір бүтін болу жолында байыппен басатын қадамы. Отбасының іргесін ізгілікпен қалап, жұбайлардың жарасымды өмір сүруі. Қысқасы жанұя жайында сөз қозғай қалсақ, тарам-тарам мәселенің шеті көрінеді.

Қоғамда кең етек алған ажырасуды айтып сан мәрте дабыл қағып жүргенде, «азаматтық некені» алданыш етіп жаза басқандар да бар. Сезіміне сенімсіз жандар «танысып-білісеміз» дегенді желеу етіп, заңды түрде неке қимайды. Осылайша ортақ келісімнен опық жеп, ессіздіктен есеңгіреп қалып жатады. Шариғаттың шартына сай келмейтін, заң шеңберінде қарастырылмаған қатынастан соң шақшадай басы шарадай боп шарасыз күй кешкендер кездеседі. Батыстың бұлдіргі мәдениетіне бой беріп, өз тағдырын талқандағанына қарамастан әрекетін ақтап алатынын қайтерсің?

Ерікті түрде бірге тұрғанымен, сезім мен сенім жоқ ұяда бақыт та баянды болмайды. Ерлі-зайыптының міндетін жіті түсінбегендіктен де бір-біріне бағынбай, сыйластыққа сызат түсетіні даусыз. Сосын қалауы болмаған соң қабақ шытып, «жараспадық» деп жөніне кете барады. Ал жауапкершіліктен жалтару жағдайды жеңілдетпейді.

–Шариғатта некенің бір ғана түрі бар – ол өмірлік неке. Некенің басқа түрі жоқ. Ақ неке дегеніміз екі жастың шаңырақ көтеру үшін Алла Тағаланың алдында жасалатын келісім шарт. Бұған ата-ана, туған-туыс, жалпы көпшілік куә болады. Сол себепті неке құпия болмайды, жария жасалады. Қазақ дүркіретіп той жасайды. Бұған ауылдағы бесіктегі баладан, еңкейген қарияға дейін қатысып, куәлік береді. Жас жұбайлар шаңырақты уақытша емес, ғұмыр бойы бірге тұру мақсатымен көтереді. Сол үшін өмір көрген қариялар жастарға «бірге қартайындар», «қосағыңмен қоса ағар» деп бата беріп жатады. Әрине, бұл дүние мұсылман үшін сынақ алаңы болғандықтан өмірдің қуанышты сәттерімен бірге қиындықтары да болады. Ерлі-зайыптылық өмірдің мақсаты да сол – барлық қиындықты бірге кешіп, жеңіп шығу. Өмір сынақтарына мойымай қол ұстасып, бірге қартаю.

Бақсақ, некедегілер азаматтық тез ажырасады. Үйленуінен ажырасуы тез болған жастардан мұның себебін сұрай қалсаңыз: «Мінезіміз сәйкес келмеді», – дейді. Олардың мұндай қадамын ата-анасы да құптап, көп ұзатпай келесі біреуге үйленіп жатқанын жиі көріп те жүрміз. Бөлкім мұндай некедегі азаматтарымыз: «Мен дінді ұстанбаймын. Алланың алдында қалай жауапты болмақпын?» деп ойлайтын болар. Алланың алдында жауапты болу үшін дінді ұстанып-ұстанбау шарт емес. Бастысы, сіз саналы адамсыз, сол үшін сұраласыз. Адам тағдырымен ойнауға болмайды, – деді облыстық «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің наиб имамы, «Шариғат және пәтуа» бөлімінің жетекшісі Нұрдәулет Жалғасбекұлы.

Асылында, ерлі-зайыпты атану еріккеннің ермегі емес. Құндылықтың құнын жоғалтпау керегін қаперде ұстаған ләзім. Отбасы жауапкершілігін аяқ асты еткен екеудің кесірінен бала зардап шекпеу керек. Ересектің ерсі қылығына бейкүнә сәбидің не қатысы бар? Қиыны да сол. Азаматтық некеде тұрғандықтан заң сәбидің әкесін әлеуметтік те, материалдық та тұрғыдан міндеттей алмайды. Тегінен айырылу баланың да сүйегіне таңба болып басылмай ма? «Жаңа заман» деп желіккендер уақытша бірге тұруды құптап, таңдау жасау керектігін алға тартады. Бірақ таңдау соңы тексіздікке ұрындырса жаһандануға жұтылғанымыз сол емес пе? Әрі қоғамда тастанды сәби көбейсе қайсысының көз жасын сүртіп, басынан сипауға шама келеді? Жетім көңілді қаншалықты жұбата аламыз? Отбасылық жауапкершілікті сезінбеген соң әйел «ана» екенін ұмытып, ер «әкелік міндетін» естен шығарады.

Деректерге сүйенсек, шамамен 25%-ы азаматтық некеге оң көзқараспен және 30%-дан астамы бейтарап қарайды. Яғни Қазақстанда әрбір бесінші неке тіркелмеуі мүмкін. Қолдамайтындардың үлесі - 32,8%.

– Адамның аласы да, құласы да болады. Адамзаттың басты қажеттілігі – тұрмыс құру немесе үйлену. Бүгінде осы құндылықтар құнсызданып бара жатқан секілді. Өйткені екі адамның өмір жолын бір-біріне байлауы ойнайтын дүние емес. Ол ой шеңберінде жауапкершілікпен жүзеге асуы тиіс. Мұны бүгінгілер үш түрге бөліп қарастырып қойған. Оны мұсылмандық, азаматтық, мемлекеттік тіркеу деп жіктеп, жіліктеп алыпты. Осының ішінде адамзатты азғындыққа, теріске тартатын бағыт бар. Ол – азаматтық неке. Мұны біз жай ғана қарапайым көріп жүрміз. Бірақ оның астарында жауапкершілікті толық алмау, ұлы құндылыққа деген бей-жай қарау, азғындықтың профориесі бар екенін ойға алмаймыз. Өткенде осыған байланысты әлеуметтік желіден мынадай дүние оқып қалдым: «Ер мен әйел алдымен кемінде жарты жыл азаматтық некеде тұруы керек, жарасымды болса жақсы, болмаса, екі жаққа кеткен дұрыс» дейді. Біз осының өзімен үйлену дегеннің салмағын су татымайтындай етіп тастағандаймыз. Сол үшін отбасын құрарда мәңгілік дегенді ұстану керек. Сонда ажырасу да, азғындық да азаяр деп ойлаймын, – деді Д.Әділқызы.

Осы мәселеге қатысты әйел адамдар психолог пен заңгердің көмегіне жүгінетін көрінеді. Тіпті жиырмаға жуық әйел адам алданғанын айтып, ішкі сырысымен бөліседі екен. Қысқасы «азаматтық некені» еркіндік деп білген соң кез келген уақытта есікті тарс жауып кетуге болады деп ойлайды-ау, сірә? Иә, күйеуі яки жігіті деп қабылдарын білмей дал болу да санаға сыйымсыз. «Жар таңдауда қателеспеймін» дейтін ақылы асқандар түбінде жарға соғылатынын ескермейтіні өкінішті.

«Тамыры жоқ қаңбақтың ұшарын жел, қонарын сай біледі» демекші, тектілікті жоғалтып теңселіп кетуден сақтасын. Шаңырақтың шырқы бұзылып, уақытша одақтан мәң кетсе ұлт ұсақталып, қоғам құбылып кетпей ме?

Замира ҚОНЫСЖАН

«ЕҢБЕК ЖАСАҚТАРЫНЫҢ» ЖҰМЫСЫ ЖАНДАНАДЫ

Облыстық «Жастар ресурстық орталықтары» аймақтағы жұмыссыз, NEET санатындағы жастарға арналған «Еңбек жасақтарының» жұмысын жандандыруды қолға алды.

Бұл ретте арнайы тұжырымдама әзірленді. Әрі қарай еңбекке ынталы жастарды тіркеу, оларға бағытталған жұмыс нақты жоспармен бекітілді. Жасақ құрудың басты мақсаты – жұмыссыз жастарды еңбекпен қамту, еңбекке құлшынысы жоғары жастарды жұмысқа сүйемелдеу, уақытша немесе тұрақты жұмыспен қамту.

Сондай-ақ ол жастардың әлеуметтік жағдайына мониторинг жүргізу арқылы дамуына үлес қосуды көздейді. Өткен жылы өңірде 12 мыңнан астам жұмыс орны құрылып, жылдық жоспар толық орындалды. Осының нәтижесінде жалпы жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайыздан төмендеді. Аймақтағы жалпы жұмыс күшінің саны 347,2 мың адам, оның ішінде 22,2 пайызы немесе 77,1 мыңы жастар.

«ЖАС САРБАЗДА» ЖАҢА ЖЕТЕКШІ

Облыстық «Жастар ресурстық орталығында» «Жас Сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы РҚБ-нің Қызылорда облыстық филиалының жаңа төрағасы тағайындалды. Жиынға Қызылорда облысының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті, облыстық білім басқармасы мен қоғамдық даму басқармасының бірқатар өкілі қатысты.

Жуырда «Айбын – 2023» IX Халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынынан 20 команданың арасынан топ жарып, үздік атанған бірлестіктің жұмысы қазіргі таңда жүйелі жолға қойылған. «Жас Сарбаз» – патриот жастардың басын біріктіріп, облыс көлемінде тиімділігі дәлелденген бірденбір жастар қозғалысы. Бүгінгі күнге дейін бірлестікті «Жастар орталығының» аға кеңесшісі Әкімжан Төленбай басқарып, әскери саланы жастар арасында кеңінен насихаттауға мол үлес қосты.

«Жас сарбаздың» жаңа жетекшісі болып запастағы офицер Жаңабай Жасұлан тағайындалды. Ол 2017-2021 жж. аралығында Павлодар педогогика университетінде құқық және экономика негіздері мамандығы бойынша білім алған.

«TULGA BOL» ЖЫЛЖЫМАЛЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ЖАЛҒАСУДА

Сырдария ауданының Аманкелді ауылында республикалық «Tulga bol» жылжымалы жәрмеңкесі өтті. Шараға облыстық «Жастар ресурстық орталығы» директорының орынбасары Ерлан Сисенбиев пен аудандық орталық директоры Нұрман Абдрасилов қатысып, барша ауыл жастарын мемлекет қарастырған мүмкіндіктерді пайдалануға шақырды.

Жәрмеңкеге ауданнан сала мамандары қатысып, ауыл жастарына түрлі бағытта кеңес берді. Шарада кітап, сурет көрмесі, ұлттық нақыштағы киіз үй көрмесі қойылып, жастар назарына ұсынылды. Кеңес беру жәрмеңкесіне қатысқан жастар гір тасын көтеру, үстел теннисі, қол күрестен спорттық сайыстарға қатысып, бақ сынады.

Шара аясында жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар, 2,5 пайыздық жеңілдетілген шағын несие беру, құқықтық кеңес бойынша бағыт-бағдар берілді. Оған 70-ке жуық ауыл жастары мен тұрғындар қатысты.

Айта кетейік, «Tulga bol» жылжымалы жәрмеңкесі ҚР Мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру аясында республика көлемінде жұмыс істеп келеді. Алдағы уақытта ол Шаған ауылдық округінде жалғасатын болады.

Бетті дайындаған: М.СНАДИН

ГРАНТТАН 7 МЫҢ ТҰЛЕК ҮМІТТІ

2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша 11 сыныпты бітіруші 8 051 түлектің 7 219-ы немесе 89,6 %-ы ҰБТ-ға қатысты. Түлектердің орташа балы 87-ні құрады. 1213 түлек 100 және одан жоғары балл жинаған.

Шекті деңгейден өтпегендер саны (49 балдан төмен) – 223. Ал мемлекеттік грант конкурсына 6996 түлек қатысуда.

Облыс бойынша ең жоғары 137 балды Арал ауданы №220 орта мектептің түлегі алды. Сол секілді Қызылорда қаласының сынақ тапсырушылары 134, Қазалы, Қармақшы, Сырдария аудандары және №9 Білім- инновация лицейінің түлектері 133 балл жинап, жоғары нәтижеге жетті. Оқу жылын 514 түлек «Алтын белгіге» және 823 түлек "Үздік аттестатқа" аяқтады.

Жаңа 2023-2024 оқу жылында 1 сыныпқа 17 543 бала келеді деп күтілуде. Оның ішінде 16 141-і немесе 92 % - ы қазақ сыныбына 1 402 – і немесе 8 % - ы орыс сыныбына оқуға өтініш білдірген.

Мемлекет басшысы «Жайлы-мектеп» ұлттық жобасы аясында 800 мың орынға лайықталған білім ошақтарын салуға тапсырма бергені белгілі. Ұлттық жоба аясында облыста 2023-2025 жылдары 15 100 орынға арналған 21 мектептің құрылысын салу жоспарланды.

Атап айтқанда, Қызылорда қаласында 8, Арал ауданында 4, Қазалы ауданында 2, Қармақшы ауданында 2, Жалағаш ауданында 1, Сырдария ауданында 1, Шиелі ауданында 1, Жаңақорған ауданында 2 мектеп салынады. Оның ішінде келер жылы 10 мектеп, 2025 жылы 11 мектеп пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Бүгінде аймақта 6 апатты (Арал ауданы №248 мектеп, Қазалы ауданы №94 мектеп, Қармақшы ауданы №105,108 мектептер, Шиелі ауданы №45,133 мектептер), 6 үш ауысымдық оқытуға көшуі мүмкін мектеп (Қызылорда Абай мектебі №3,101,261, 264,280) бар.

Бұл құрылысты Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры есебінен қаржыландыру ұсынылды.

Аймақтағы 330 мектепте (295 мемлекеттік, 24 жекеменшік, 8 кешкі мектеп, 3 арнайы мектеп-интернат) 179 869 оқушы білім алуда.

Қазір Арал ауданы Тоқабай елді мекеніндегі апатты №248 мектепті жеке инвестор салуда. Мектеп осы жылы пайдалануға беріледі.

4 апатты мектептің құрылысы (Қазалы ауданы №94 мектеп, Қармақшы ауданы №105,108 мектептер, Шиелі ауданы №45) «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасына енгізілді. Жоспарға сәйкес мектептер таяу жылдары іске қосылмақ.

Сонымен қатар, Шиелі ауданы Жансейіт елді мекеніндегі 100 орындық №133 мектептің құрылысына жоба-сметалық құжаттама әзірленді.

Қызылорда қаласындағы 6 үш ауысымды мектеп бойынша былтыр Абай мектебіне 550 орындық, №101 мектеп-лицейге 375 орындық қосымша ғимарат құрылысы басталды. Аталған нысандар жаңа оқу жылында пайдалануға беріледі.

Биыл пайдалануға берілетін Жезқазған трассасы бойындағы 600 орындық мектеп есебінен үш ауысымды №261, 280 мектеп мәселелері шешімін табады. Сондай-ақ №264 мектеп-лицейге 550 орындық, №3 мектеп-лицейге 375 орындық қосымша оқу ғимаратының құрылысы биыл басталды деген дерек бар.

700 МЫҢ ОҚУШЫ БУКМЕКЕРЛІК КЕҢСЕГЕ БӘС ТІГЕДІ

Еліміздегі букмекерлік кеңселер мен казинолардың 1 күндік қаржылық айналымы 3,5 миллиард теңгеге жеткен. 2020 жылы 89 миллиард теңгені құраса, 2022 жылы 500 миллиард теңгеге жеткен. Ал биыл 1 триллион теңгеден асады. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қаринніңн төрағалығымен Президент жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңесте осы мәселе талқыға түсті.

Кеңес отырысында заңсыз ойын бизнесімен күрес және қазақстандық жастар арасындағы лудомания проблемасы талқыланды. Жиынға кеңес мүшелерімен қатар Мәдениет және спорт министрлігінің басшылығы, Парламент Мәжілісінің депутаттары, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысып, заңсыз ойын бизнесімен күрес, заңнамалық бағыттағы ұсыныстары, лудоманиядан оңалту мәселесі бойынша атқарып жатқан жұмыстары жайында айтты.

Ерлан Қарин мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттар бірлесіп әрекет еткенде ғана кеселмен күрестің тиімді жүзеге асатынын атап өтті. Мемлекеттік кеңесші Кеңес мүшелерін қазақстандық жастардың өзекті проблемаларын тиімді шешу үшін жастар саясаты саласының күн тәртіб қалыптастыруға және оны белсенді іске асыруға шақырды.

Бұған дейін ҚР Мәжіліс депутаты Нартай Аралбайұлы тақырыпты кеңінен қозғап, депутаттық сауал жолдаған болатын.

«Бұл дертті қалай жеңеміз? Статистика сұмдық! Қараңыздар, қазақстандықтың букмекерлік кеңсе мен казино алдындағы қарызы орта есеппен 10 миллион теңге. Ажырасқан 10 жұптың 7-еуі лудоманияның салдарынан екі жаққа кетеді, – деді мәжілісмен.

Қазір Қазақстанда 700 мың оқушы онлайн букмекерлік кеңселер мен ойын автоматтарында бәс тігеді. Оның жарнамасы жер жарады. Биылдың өзінде онлайн құмар ойынды жарнамалаған 1783 интернет ресурс бұғатталған.

Лудоманиядан адамды алшақтату мүмкін бе? Ресми дерек бойынша, 1 ойыншыны емдеуге кемінде 5 ай керек. Емі 600 мың теңгені қажет етеді. Бірақ бұл да шешім емес. Мамандар бір дерек айтты, 9 жыл лудоманиядан емделген адам орталықтан шыға сапа қайтадан құмар ойынға салынып кеткен. Енді казинолар мен букмекерлік кеңселерді, ойлайн казинолорды толық жабу керек пе? Әлде тек жарнамасын тоқтату керек пе?",– деді ол.

ӘЖІМ

Маған, әсіресе, кеш батысымен қыз-қыз қайнап жататын тұрғын үй кешеніндегі қарбалас өмір қызық-ақ. Айналамызда үлкенді-кішілі кафе, бар, асхана, сырахана, тіпті шағындау келген түнгі клубқа дейін бар.

Бүгін жұмыстан ерте қайтқанымды кәдеге жаратайын деп мұқият тамақтандым да, кештете сыртқа шығып кеттім. Мандайшасында «Ас болсын» деген жазуы бар кафеге кіргенімді анық білемін. Өзім сияқты тандайы қақсығандар да табыла кетті. Өзін Жорабек деп таныстырған, менімен түйдей құрдас болса да шашы ағарып, көз алды күлтілдеген жігіт ағасы да бүгін көшіп келіпті. Екеуміз ақша деген қу пәленің айналдыра қашып ұстатпай жүргенін, дүние деген жарықтықтың қанша қусақ та жеткізбей кеткенін жарыса айтып, бір емес-ау бірнеше бокал сыраға тапсырыс бергеніміз санамда сайрап тұр. Одан әрі қарай көз алдым дереу көмескі тартқан. Ішімдікті мұңға батырып отырып ұрттасаң тез масайтпаушы ма еді?! Тек түсініксіз елестер ғана бірер секундқа қана санамда аялдайды да, еш із қалдырмастан жалт бере түседі.

Шаһардың түгелдей арамшөп басып, қу мекенге айналған солтүстік жағында былтыр әйгілі құрылыс компаниясы жұмыс бастап, айналасы жарты жылда еңселі-еңселі тұрғын үйлерді самсатып салып тастаған. Тырбанып жүріп сол үйлердің бірінен пәтер де алғанбыз. Мейлі, жалақының тең жартысы несиеге кетсе де өз үйіміз ғой деп апыл-ғұпыл көшіп келген бетіміз. Мейлі, жетер жолы ойдым-ойдым, омыртқа мен белдің соры ғой десек те көнгенбіз.

Қанша ішсем де жылдам ес жиыппын. Дабырлай сөйлеп, мұңымды бөлісіп отырған Жорабек көрінбейді. Өзімнің де, оның да аямай сімірген еңбегін өтеуге мәжбүр болдым. Ашаң жүзді, серейген даяшы жігітке ақшаны ұстаттым да аяңдай басып үйге келгем. Есікті кішкентайым Инабат ашыпты. «Анам ұйықтап қалды» деді тақылдап. «Тіпті жақсы болды» деймін. Беті-қолымды шайған соң одан әрі сауығып алдым. Қызым екеуміздің басқасының бәрі тегіс ұйқыға бас қойған. Ол түсте ұйқысын қандырып алған ба менімен ойнағысы келеді. Мен де сергіп қалғандаймын. Қалауын орындап, еркелетемін. Ән айтып берші дейді Инабат еркелеп. Саған айтпаған да кімге айтамын деймін мен де еліре түсіп. Барқырап бар даусыммен «Балқадишаны» шырқаймын келіп.

– Қойыңызшы, – дейді ол қабағын кіржитіп, аузын бұртитып, – «Бол жанымда» ма, әлде «Оригинал» ма, соларды тыңдағым келеді. Қызымның айтып тұрғандарын бір-екі рет естігенім бар-тын. Енді әр жерінен үзіп-жұлып соларды айтқыштаймын.

– Ал сен оригиналсың,
Таза, табиғи нәрсің...

– Сіз қатты айғайлап жатырсыз, – деген дауыстан селк етіп оянып кеттім. Алақтап айналамнан Инабатты іздеймін. Жаңа ғана тіземе шығып секіріп отырған сары қызым ізім-ғайым жоқ. Қос қолын артына қусырған, жүзіне мейірім тұнған даяшы әлгі сұрағын тағы қайталады.

– Мен үйде емеспін бе? – дедім қарсы сұрақ қойып. Ол басын шайқады. Айтуынша, тұп-тура төрт сағаттан бері осы жерде екенмін. Екі сағат бас алмай ішсем, екі сағат тоқтамай ән айтыппын. Ұят-ай дедім ішімнен өртеніп. Ұялып отырып тағы бес-алты бокалды тоқтаусыз сілтесем керек. Тағы да көзім ілініп кетеді. Үйге қайтқан боламын. Бұл жолы әйелім ояу екен. Шаң-шұң етіп құлақ етімді жеп жатыр. Осылайша, бір емес бірнеше рет ұйықтап кетіп, бірнеше рет үйіме барып келдім. Құдды шынымен үйге барып, қайта кеп жүргендей ентігіп, шаршап қалыппын. Буын-буынымнан әл кетіп, әбден қалжырағам. Даяшының қос қолтығымнан демей ұстап үйіме жеткізіп салғанын еміс-еміс білемін. «Сендер мастың бәрін осылай үйлеріне тасып жүресіңдер ме, немене» деймін оған қылилана қарап.

Таңертең шағын қалашығымыздағы бүкіл тұрғын, ұсақ-түйек қызметкерлер менімен қуана амандасып, күліп сөйлеседі. “Кешегідей халықпен етене болсаңыз жүдә жақсы ғой” дейді бірі. “Сіз де адамсыз ғой, ішесіз, көңіл көтересіз, онда тұрған не бар екен” дейді екіншісі. Сырға сылқия тойғаным үшін осыншама қолдау көремін деп кім ойлаған.

Подъездің табалдырығынан аттамай жатып осыншама мақтау естіген басым, далаға шығысымен қошеметтің астында қалдым.

– Сіз осында тұратын ба едіңіз, – деді жаныма жүгіріп келген бет-аузы меңге толған арық келіншек.

– Бір-екі күн болды... – деймін абдырап.

– Апырай, сізді қалай байқамағанмын, – дейді бетін шымшып. Содан бері менімен алғаш кезігіп тұрғанына кәдімгідей өкінетін секілді.

– Бұл өз үйіңіз бе, сонда? – деді қаумалаған топты киіп-жара қарсы алдыма келген егделеу әйел.

– Өз үйім... ипотекаға алғам...

– Әні, – деп егде әйел жанындағыларға сұқ саусағын шошандатты.

Жаппай бәріне не болған деп аңырып мен тұрмын. Әлдебір дүрбелең басыма түскелі жатыр ма деп көңіл аландап, жүрек әдеттегі соғысқан жилетейін деді.

– Осындай адам болса да, қарапайымдылығын жоғалтпаған. Әйтпесе, өкім ипотекаға үй алыпты дегенді кім естіген!

Сонда ғана өзімнің әкім екенімді түсіндім. Ендігісі – қай жаққа, қашан әкім боп тағайындалғанымды анықтау ғана еді. Бірақ ол әзірге мүмкін емес сияқты...

Өзгелердің даудыраған дауыстарынан құлағым шыңылдап, кімнің не деп жатқанын айыра алмай кеттім. Сұқ саусағын безеген егде әйел, сірә, маған қатысты тағы бірдеңелерді айғайлап айтып жатыр. Өзгелерді өз сөзіне барынша сендіргісі, иландырғысы келгендей ышқына түседі.

– Сізбен суретке түсейікші, – деп тағы бір топ әйел жабыса кетті. Өздері би, өздері қожа. Әрі де, бері де сүйрелеп, қалағандарынша селфилетіп жатыр.

Адамға бақ қонайын десе әй-шәйға қаратпайды екен ау...

Бұл уақытта айналама біраз жұрт жиналып, басқалардың да назарын бұра бастаған. Мен мына қаумалаған біртүрлі адамдардан қалай айнала қашып шығарымды білмей, тығырыққа тірелгем де қалғам.

Айналамдағы көпқабатты үйлердің балкондарының да есігі ашылып-жабылып, төбемнен төнген адам саны да арта түскен.

– Қарашы өзін, жаяу жүреді екен, ә, – деді төрт-бес адым жерде таяғына сүйеніп маған күлімсірей қарап тұрған қысық көз сары шал қасындағы замандасына.

– Беті жылтыраған пәле ғой. Түк те шешпейді, – деді қасындағы тапал бойлы, қайыстай қара шал жақтырмай қарап. Өзі шатақтау ма деймін.

– Кешіріңіздер, – дедім тамағымды кенеп, мейлінше саңқылдап сөйлеуге тырысып. Бірақ менің дауысым құмығып қалған ба, әлде айналамдағы адамдардың үілі басып кетті ме, мұнымды ешкім де естімеді.

– Тоқтаңдар! – дедім бар даусыммен ышқына айғайлап, – Сіздер мені біреумен шатастырып тұрсыздар!

– Ойпырма-а-ай, мынаны қара, – деп мырс етті әлдебіреу топ ішінен, – көпе-көрнеу қашып кетпекші ғой. Халықтың қаржысын сықай тиеп, ертең ақ бұл да тайып тұрар Швейцарияға!

– Соны айтам, – деп екіншісі қосыла кетті, – КСК жұмыс істемей тұр, балалар алаңқайы жоқ, көліктер қалай болса солай қойылған, бюджеттің ақшасы жайлы біреу бізге ләм деп айтпайды. Осыған дейін алданғанымыз жетер, – деп арындап барып бір-ақ тоқтады.

– Иә, сізді күнде кезіктіре бермейміз, – деп орта жастағы белсенді жігіт өңменді алдыма келді. Өзі ашулы. Жағамнан ұстап, лақтырып жіберетін сияқты түрі неткен сұсты еді.

– Кабинетіңізге кіре алмаймыз. Одан да қазір айтыңыз. Мынау ен даладағы үйімізге жету нағыз азап. Жол мәселесін шешпей болмайды. Биылдан қалдырмаңыз. Әйтпесе, пикетке шығамыз! – деді өткір көздері өңменімді тесіп жіберердей болып. Осылай ашулана сөйлегенде аузымен жел бүркіп, бойымды суық ауа қарып өткендей болды. Пәлі, халықтың қаһары осындай болар ма деймін асып-сасып. Ақыры мұншама қалың адамға бір жауап беруге тура келді. Амал қайсы, галстугымды тартқылап, костюмімнің ілгегін бір түйіп, бір ағытып сөйлеуге бекіндім.

– Азаматтар, жауап бергенде былай ғой, біріншіден мен... – дей беріп ем, алысырақ тұрған орыстың кемпірлері шәңкілдей сөйлеп жауабымды үзіп жіберді.

– Бұлар қашан тура жауып беріп еді? Үнемі созбақтап, тақырыптан ауытқып, түкке қажеті жоқ сөздерді айтып тұрып алады.

– Бұларды тыңдап уақыт құртудың өзі бекер, – деп тағы бір топ қайырылып тайып тұрды.

– Жіберіңіздер, мен жұмысқа барайын, – дедім қалғандарына жәутеңдей қарап.

– Әкім мырза, міне қазанның ортан беліне жеттік, ал жылу әлі жоқ. Бәрінен бұрын құндақтаулы сәбилерімізге обал. Осыны шешпесеңіз – онда қызметтен өз еркіңізбен кете салыңыз, – деп зіркілдеді бір топ бесік арба тербеткен жас әйел.

– Әйтпесе, аттан салып алаңға барамыз. Одан басқа да қаншама проблеманы шешпей жүрсіздер, – деп қосылды тағы біразы. «Азаматтар, мен сіздер айтқан шараға жауапты емеспін. Мен де сіздер сияқты...» дей бергенде бағанағы шатақ шал «айына пәленбай миллион жалақы аласың да, жауапты емеспін деп кекірейесің, а» деп кейіп кетті.

Сағатыма қарасам, жұмысқа тұп-тура бір сағат кешігіппін. Мына сортанданған ойқы-шойқы жолмен аялдамаға дейін жетіп, әрі қарай автобуспен итіндеп жұмысыма барғанша тағы бір сағат сарп етемін. «Өз еркіммен жұмыстан кетудің» көкесі сонда болатын сияқты.

Тығырықтан қалай шығамын деп бас қатып тұрғанда, емпеңдей жүгіріп бір әйел жетіп келді. Оған да үркіп қарағанмын. Бірақ мыналардай емес, түсі жылы сияқты.

– Сізді арнайы барып шақырамын деп жүр едім. Өзіңіз келіпсіз ғой, – дейді омырауы өзінен қос қарыс алда жүретін былқылдаған толық қатын ентігін баса алмай. – Бүгін немерем жасқа толып жатыр. Өзіңіз тұсауын кесіп беріңіз!

Былқылдаған толық қатын осылай деді де, артына бұрылып «Ой, Сәлимә! Сәлимә дейм!» деп айғайға басты. Сірә, келіні ау деймін. Өзінің дауысы зор екен: «Дастарханыңды дайында жылдам! Өкімді ап бара жатырмын!».

Өзімнің кім екенімді айтып түсіндірейін дегенше болған жоқ, былқылдаған толық қатын мені қолтықтаған қалпы дедектете ертіп әкетті. Қарсыласқым келгенмен, әлгі арызқой топтан құтылып шыққаныма қуанатын сияқтымын. Үш бөлмелі үйдің іші жып-жылы, жап-жарық екен. Бір жасқа толған құлыншақ томпаңдай басып, алдымнан шықты. Отағасы да аққарқын, кең пейіл жан көрінеді. Артық-ауыс әңгімесі жоқ, қалбалақтаған кісі.

– Сізді көргеніме сондай қуаныштымын! – деді қос қолдай қысып, – Немереме сіздің жолыңызды бергей! Өзіңіз кесіңіз!

Үй іші әп-сәтте бар керек-жарақты даярлап тастапты. Қолыма пышақты да ұстата қойды. Әрі қарай түк қиындығы жоқ шаруа ғой, балапанның аяғына байланған жіпті бырт еткізіп қиып жібердім. Асығыс екенімді айтып, шәйға қарамастан зыта жөнелгім кеп тұр. Қалбалақтаған отағасы жайылған дастарханды меңзеп, қонақ болыңыз дейді екі көзі күлімдеп. Амал жоқ, өкімдерше сөйлеуге тура келді:

– Айып етпеңіздер, – дедім кенет өзімді шенеуніктерше ұстап, – жұмыс көп, қазір 11-де аппарат жиналысы күтіп тұр. Әлі талай келемін ғой.

– Ә-ә сіздер қызметтесіздер ғой, – деп былқылдаған толық қатын елпілдеп алды-артыма шығып, сырт киімімді дайындап, бәйек болды да қалды.

– Біздің үйге кіріп-шыққаныңыздың өзі зор құрмет, – деп қалбалақтаған отағасы туфлиімді жұмсақ қара губкамен ысқылай бастады.

Шығып бара жатқанымда тағы да жанасалай келіп, өзі сияқты том-томпақ конвертті тәс қалтама сүңгітіп жіберді. Әуелі жүрек тұсым жылып кетті де, артынша әлгі ыстық ағыс басыма дейін жайыла жөнелді. Қалбалақтаған отағасы мен былқылдаған толық қатын «алмаймын» деп қарсыласуға да келтірген жоқ, сылап-сипап шығарып салды.

Адамға бақ қонайын десе әй-шәйға қаратпайды екен ау...

Абай АЙМАҒАМБЕТ

Басы. Жалғасы келесі санда



КАРАТЭШІЛЕР ТОП ЖАРДЫ

Малайзияның Малакка қаласында WKF каратэден ересектер арасында XIX Азия чемпионаты мәресіне жетті.

Спортты дамыту дирекциясының баспасөз қызметі мәлім еткеніндей, жарыстың соңғы күні командалық сында жүлделі орындар сарапқа салынды.

Кумите бағдарламасында Қазақстан ерлер командасы күміс жүлдеге ие болды.

Сонымен, чемпионат қорытындысында Қазақстан құрамасы 3 алтын, 4 күміс және 4 қола медальмен алғаш рет жалпы есепте топ жарды. Жапония каратэшілері (3 алтын, 3 күміс, 2 қола) екінші орында, ал үздік үштікті Иран (3 алтын, 2 күміс, 7 қола) құрамасы түйіндеді.

Еске сала кетейік, бұдан бұрын олимпиада жүлдегері Софья Берульцеваның Азия чемпионы атанғанын жазған болатынбыз. Сондай-ақ қазақстандық каратэшілер Азия чемпионатында тағы 6 медаль жеңіп алды.

10 МЕДАЛЬ ҚОРЖЫНДА

Қазақстан құрамасы үшін Оңтүстік Кореяның Чханвон қаласында жасөспірімдер арасында нысана көздеуден әлем чемпионаты аяқталды.

Қазақстан қоржынына тағы 4 медаль (2 алтын, 2 қола) түсті. Жылжымалы нысана көздеуден (10 м, ауыспалы ритм) қазақстандық қыздар командалық бәсекеде тағы да қарсылас шақ келтірмей, жеңіс тұғырына көтерілді. Ел намысын апалы-сіңлілі Зухра мен Фатима Ерназарова және Александра Сәдуақасова қорғады. Осы бағдарламаның жекелей сынында Фатима алтыннан алқа тақса, Зухра қола жүлдеге ие болды.

Жылжымалы нысана көздеуден (10 м, ауыспалы ритм) Қазақстан бозбалалар құрамасы Украина мен Финляндиядан кейін үшінші орынға тұрақтады. Асадбек Назиркулев, Илья Зотеев, Даниил Яковенко жылдам және жай жылжитын нысанаға оқ атып, 1080 ұпай жинады.

Қазақстан спортшылары Чханвонда барлығы 10 медаль (4 алтын, 4 күміс, 2 қола) жеңіп алып, жалпы есепте үздік бестікке кірді.

Жасөспірімдер арасындағы биылғы бәсекеге 45 мемлекеттен 600-ге жуық атлет қатысып жатыр. Қазақстандықтар тек 3 санатта бақ сынады. Олар: винтовка, тапанша, жылжымалы нысана.

Еске сала кетейік, бұдан бұрын Никита Чирюкиннің нысана көздеуден әлем чемпионы атанғаны еді.

ЧЕМПИОНДАРҒА ӨМІР БОЙЫ ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК БЕРІЛМЕК

Мәдениет және спорт министрлігі мемлекеттен өмір бойы материалдық көмек алуға құқылы спортшылар қатарын кеңейтуді жоспарлап отыр.

Бұл тізімге ересектер арасындағы классикалық шахматтан әлем чемпионатының жеңімпаздары мен олардың жаттықтырушылары да қосылуы мүмкін. Спортшылар мен жаттықтырушының міндетті еңбек өтілін 20 жылдан 10 жылға төмендету көзделіп отыр. Талапкер 10 жыл бойы үздіксіз еліміздің дене шынықтыру және спорт саласында еңбек етуі тиіс.

Қаржылай көмек тек Қазақстан азаматтығы бар спортшыларға ғана беріледі. Тиісті құжат жобасы Ашық үкімет порталына қоғам талқысына шықты.

СЫР АБЫРОЙЫН АРТТЫРҒАН

Әділетті Қазалының қалың жұрты жақсы тани қоймасы анық. Ол білім ордасына барғанша туған топырақта атасы Сәдібек пен әжесі Ханшайымның қолында болады. Кейін ата-анасы жұмыс бабымен Ақтөбе облысына қоныс тепкен. Артынша Алматы қаласына көшуге тура келеді. Міне, жарқын болашаққа деген айқын жол осы сәттен бастау алады.

2002 жылдың 26 мамырында дүниеге келген Қазалының қара домалақ баласы қазір алматылық «Қайрат» футбол командасының қорғаушысы. Әкесі Нұркен Өтегенов Алматы қаласындағы «Метропроект» мекемесінің бас инженері болып қызмет етеді. Ал анасы Роза Құрлабаева Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің аға оқытушысы. Одан бөлек 9 сыныпта оқитын Рахат математика пәнінен талай олимпиадаларда топ жарып жүрген көрінеді. Әрі суға жүзумен және үлкен тенниспен де айналысады екен. Ал кіші інісі Данияр 4 сыныпта білім алуда.

Сәдібек ақсақалмен тілдескенімізде, Әділеттің тұңғыш немересі екенін айтып, бала күнінен допқа деген қызығушылығының бар екенін сөз етті.

«Немеремнің алды болған соң есімін өзім қойдым. Ол бала күннен допқа әуес болды. Таңнан аулада доп қуалап, кештің қалай батқанын білмейтін. Жасынан допқа деген құмарлығы оны осы күнге жетеледі. Қазір «Қайрат» командасының әр ойынын жібермей қараймын. Әділетімді көрген сайын бала күндегі шаң-шаң болып далада доп қуып жүрген сәттері жиі есіме түседі. Тағы бір қуанышты жаңалықпен бөлісейін. Немерем жақында ғана, тіпті 20 күн болған жоқ, «Қазақстан» ұлттық құрамасының сапында доп тебуге мүмкіндік алды. Шақырту келіп, 2 жыл келісімшарт жасасты. Сәтін салса, жуырда болатын Беларусь құрамасына қарсы ойында жасыл алаңнан көреміз деген үмітіміз бар», – деді кария.

Әңгіме арасында ақсақалдың өзімен де жақын танысқан үлгердік. Айтуынша, ертеректе Қазалы қаласындағы ауруханада дәрігер болып жұмыс істеген. 38 жыл бойы бір орыннан тапжылмай науқастардың дертімен күрескен. Ал өмірлік серігі Ханшайым Ғ.Мұратбаев атындағы №17 мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі болуға 40 жылға жуық уақытын арнаған.

Әділеттің бала күннен футболға ашылған қызығушылығы кейін мектеп қабырғасында да жалғасты. Алматы қаласына көшіп барған соң, 8 жасынан бастап «Құлагер» шағын ауданында орналасқан «ФШМ» командасына футбол секциясына алынды. Бірінші бапкері Ағаділдә Хасенов ынтажігері байқалып тұрған баланы қыран құстай баптап, топқа салады. Тәуір ойынымен көзге түскен кейіпкеріміз бірнеше жыл бойы қала біріншілігінде команда капитаны болып, «Қайрат» командасы селекционерлерінің көзіне түседі. Сөйтіп, 13 жасында «Қайрат» командасының шақыртуымен Тимур Сегізбаев атындағы футбол академиясына қабылданады.

Академия жас өреннің екінші тынысын ашты десек артық айтқандық емес. Себебі мұнда жүріп, Еуропаның біраз қалаларында доп тепті, халықаралық турнирлерге барды. Ала допты ұрышқыша иіріп, дарынымен көзге түскен ол біршама жетістіктерге қол жеткізді. Тоқталсақ, Е.Пехлеваниди атындағы Халықаралық турнирінде I орын, «ValenciaCup» халықаралық турнирінде II орын, «Еуразия кубогі» бірінші клубтық турнирінде II орын, «KhimkiCup» халықаралық турнирінде III орын, әр жылдары жастар арасындағы Қазақстан біріншілігінде I-II орын, Виктор Катков атындағы республикалық турнирінде I орын иеленді. Ал бұл оның футбол әлеміндегі ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктері.

Футбол – миллиондаған жанкүйердің сүйікті ойыны. Сондықтан жер жүзінде теңбіл доп өнері жақсы дамыған. Қазақ футболының деңгейі де өсіп келеді. Соның дәлелі – ұлттық құраманың соңғы жетістіктері. Сондай-ақ клубтар арасындағы тартыстарда футболшылар шебер ойын көрсетіп жүр. Әсіресе, жастардың ынтасы қуантады. Мәселен жерлесіміз Әділет Сәдібековтың есімін мақтанышпен айта аламыз.

Әділет осы аралықта жүріп экономикалық институтта білім алып та үлгерді.

2020 жылы 1 лигада «Қайрат-Жастар» командасының футболшысы ретінде доп тепті. Сол жылы жастар арасындағы Чемпиондар лигасында өнер көрсетті. Сонымен қатар өткен жылы «Қайрат-Мәскеу» командасының футболшысы ретінде Ресейдің 2 лигасында өнер көрсетті. Бұл – бұрыштамадан қақпа маңына желдей жеткен ала допқа бірінші жетіп, қақпашыдан айласын асырып жүрген кезі. Көрші елдің жасыл алаңында ол 11 кездесуге қатысты. Бірақ көрші елдегі мансап ұзаққа созылмады. Себебі, Ресейдің сыртқы шиеленісі мен команданың қаржылық дағдарысы ұжымның тарауына алып келді. Осы туста команданың бас бапкері Кирилл Кекер Қазақстанға келіп, «Қайрат» командасының тізгінін қолына алды. Бас бапкер мәскеулік командадан жай келмей, әдемі ойын өрнегін көрсеткен бірнеше шәкіртін бірге ерте келді. Соның бірі – Әділет.

Жас таланттың еңбекқорлығы, аланды көре алуы, қорғаныстағы қабілеті команда басшыларын тәнті етсе керек, «Қайрат» Әділетпен бірден екіжылдық келісім-шартқа отырды. Елге оралған кейіпкеріміз команданың қосалқы құрамына емес, негізгі құрамына ілікті. Бүгінде ел чемпионаты мен Еуропа лигасында ойынға негізгі құрамда шығып жүр.

«Менің Әділетті танығаныма біраз болды. Ол сабырлы, тұйық, бірақ спортқа бейім жігіт. Сенім білдіріп, негізгі құрамға алуыма оның ойындағы шеберлігі мен мінезі әсер етті. Бойы да ұзын. Қорғаныста тіптен керемет ойнайды. Ол «Қайраттың» негізгі құрамына ауыспай тұрып, қорғаушы болып келді. Оның ойын мәнерін жақсы білемін. Қазір жартылай қорғаушы ретінде де ойынға қосып жүрмін. Аяқалысы жаман емес. Биылғы маусымда баспен 2 гол соқты», – деді «Қайрат» футбол клубының жаттықтырушысы К.Кекер.

Жанкүйерлер жүрегінен орын алған жас ойыншыны бүгінде футболсүйер қауым жақсы біледі. Әкесі Нұркен Өтегенов осы күнді көп күткен.

«Арманым футболшы болу еді. Алайда, тағдыр мені басқа арнаға бұрды. Бірақ балам мен жетпегенге жетсе деп армандайтынмын. 2000 жылдары Ақтөбеде жұмыс істедім. Келіншегімнің жүкті кезі. Екеуміз «Ақтөбе» стадионына келіп, ойын көреміз. Сонда стадионда отырып, балам футболшы болады дейтінмін. Кейін келіншегім босанды. Әділет ес білгеннен бастап футболмен айналысуына жағдай жасадым. Содан өмірі осы саламен байланысып кетті. Қазір жетістіктеріне қарап марқайып отырамын», – дейді әкесі.

Жастайынан аулада доп тепкен әрбір баланың арманы – елдің намысын арқалап, ұлттық құрама сапында өнер көрсету, көптің қошеметіне бөлену. Әлемнің алпауыт командаларымен текетіресіп, стадиондағы аураны сезіну. Ал мұндай шыңға тек аянбай еңбек еткен жандар ғана жетеді. Иә, жерлесімізі сонау есік алдында таңнан кешке дейін доп қуып жүргенде осы күнді армандағаны анық. Алдына айқын мақсат қойды. Көздегеніне жетті. Бірақ, алар асу әлі алда. Ал біз ауданнан шыққан аяқдопшының дүбірлі додаларда топ жаруына тілектеспіз.

А.ЖОЛТЕРЕК

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ТАҚТАЙШАСЫН КІМ ЖАСАҒАН?

Тоғызқұмалақ ойынының төрт мың жылдық тарихы бар екенін археолог ғалымдар нақтылады. Оны ең ежелгі тастан ойылып жасалған тақтасын табу арқылы дәлелдеген. Онымен қоса, осы тоғызқұмалақ ойынынның аты Қытай жазбаларында да кездеседі. Мысалға, ежелгі ғұн тәңірқұты Қытай әскерін талқандауда, соғыс барысын осы ойынның әдіс-тәсілдері мен тактикаларына сүйене отырып жүргізген деседі.

Осы туста сіз "жай ғана құмалақтар мен тақтадан құралған ойынды қалай ғана атты әскерден құралған ірі қолды басқаруға қолдануға болады?" деп ойлауыңыз мүмкін. Бұл ойында өз қарамағындағы құмалақтарды басқару арқылы ойыншы қарсыласына шабуыл жасай алады, бірнеше жақтан қыспаққа алады, қарсыласынан қорғана отырып не болмаса бейтараптық сақтай отырып алдағы шабуылына дайындалады. Тұзақ құрады. Қарсыласының жүретін жүрісі мен мекенін қысқартады. Бір сөзбен айтқанда, "тақта үстіндегі шайқас"! Қазақ халқының ұлттық спортының бір түрі – тоғызқұмалақтың ойнау ережесі еріксіз таң қалдырады. Себебі, ол қып-қызыл есепке құрылған ойын. Тоғызқұмалақшы ойын тақтайшасының әр бір шұңқырында жатқан тастың қанша екенін және оларды біріне бірін қосқанда жұп сан шыға ма, әлде тақ сан шыға ма дегенді ойша есептеп отыруы тиіс. Ал есептен жаңылса, жеңісті қолдан береді. Ойын ережесінің күрделілігі соншалық бір ойынды аяқтауға бес-алты сағаттың өзі аздық етуі мүмкін.

Кеңестік империя құрамында болған жылдары қазақтың тілі, діні мен дәліне қоса ұлттық спортының да басына қара бұлт үйірілген болатын. Отаршылдықтың озбырлығын тоғызқұмалақ та басынан өткерген. Әкімшіл-әміршіл жүйе ұлттық спорты-мыздың дамуы ұлттық рухымызды көтереді деген себеппен оның кең қанат жаюына кедергі жасады. Осылайша, ұлттық құндылық құрдымға кетіп бара жатқан тұста М.Әуезов, Қ.Қуанышбаев, К.Кенжетаев бастаған бір топ зиялы қауым өкілдері тоғызқұмалақтың тағдырына алаң білдіріп, 1960 жылы Орталыққа хат жолдаған. Онда тоғызқұмалақты халық арасында жүйелі түрде насихаттау қажеттігі айтылған. Ұлтжанды азаматтардың арқасында 1974 жылы елімізде тоғызқұмалақ федерациясы құрылды. Содан кейін ғана тоғызқұмалақ ресми түрде "спорт ойыны" деген мәртебеге ие болды.

Ұлттық спортымыздың кеңес заманындағы тарихы қысқаша айтқанда осындай. Ал кеңестік жүйе артта қалып, тәуелсіздік таңы атып, барымызды бағалап, жоғымызды түгендедік деген тұста тоғыз-құмалақ та дамудың жаңа сатысына көтерілді. Ал тоғызқұмалақтың бүгінгі қолданыста жүрген тақтайшасын кім ойлап тапқанын білесіз бе? Білмесеңіз айтайық. Ол Жамбыл облысының тумасы, физик-математик Серікбай Тілеубаев. Ол тоғыз-құмалақ тақтай-шасын жаңартып қана қойған жоқ. Ол әр бір ұяшықтағы әріптерді цифрға алмастырып ойын ережесіне елеулі өзгеріс енгізіп, жеңілдетті.

Мұсқат Елібәкиев – Серікбай Тілеубеков тәрбиелеген шәкірттердің бірі әрі көк тақтайшаның шығаруға көмектескен жан: «Бір күні Серікбай аға маған тоғызқұмалақ тақтайшасының жетілдірілген нұсқасының сызбасын ұсынды. "Мына сызбаның сөмкемде жүргенінде бір жылдай болды. Өзімде ондай қаражат жоқ. Біраз адамның есігін қағып едім онымнан еш нәтиже шықпады. Сондықтан саған тапсырамын. Осыны жарыққа шығару керек» деді. Ол кезде тоғызқұмалақтан өтетін жарыстарға әркім өз тақтайшасын әкелетін. Олар әртүрлі болатын. Кейде соның өзі жетіспей жататын. Серікбай аға жасаған тақтайшаның нұсқасын жасауға мен де қаражат таппай бір жылдай жүріп қалдым. Талай демеушінің табалдырығын мен де тоздырдым. Әйтеуір амалын тауып, 2008 жылы Қытайдан мың данасын жасатып әкелдім. Сейтіп Серікбай ағаның сызбасы бойынша жасалған тақтайша ыңғайлы болғандықтан көпшілікке кеңінен тарап кетті,"– дейді.

Негізінде тоғызқұмалаққа ұқсас ойын түрі Қазақстаннан тыс жерлерде де бар. Атап айтқанда, Африка құрлығында дәл осы тоғызқұмалаққа ұқсайтын Омвесо деген ойын бар. Алайда Уганда елінде кең тараған бұл ойынның ережелері де, ойын тақтасы да өзгеше.

Бетті дайындаған: Берен ШАҒЫРОВ

БІР ҚУЫРШАҚ ЖАСАУҒА 1 АЙ УАҚЫТ КЕРЕК

Бала кезімізде бәріміз де қуыршаққа киім тіккенді ұнататынбыз. Оны әрлеп, қолдан келгенше әсемдейтін едік. Қазіргі таңда кәсіпкерлердің өзі қуыршақтарға арнайы киім тігетін болған. Анығында Сабина Темірболат есімді бойжеткен әр ұлттың қуыршақтарына киім тігеді. Бүгінде қызығушылығы кәсіпке айналған. Себебі оның қолынан шыққан дүниелерге сұраныс артуда. Үйренгісі келетіндер де жетерлік. Бір қызығы Сабинаның мамандығы — информатик. Бұл салада жұмыс істемейді, себебі бүгінгі күні сүйікті ісіне басымдық берген. Өзге ұлттың киімдері қашанда көзге әдемі көрінеді, ал қуыршаққа арнайылап, ұқыппен кәсіби маманның тіккені ерекше үйлесім береді. Ол түрлі-түсті ою-өрнек пайдаланып, әр ұлттың ұстанымына мән береді.





– Ұлттық өнер мен халқымыздың қолданбалы өнерін технологиямен ұштастыра отырып, кәсіп бастаудың орны ерекше. Жоба төңірегінде қолөнер буйымдары сан түрлі шығарылатын болады. Ерекшелігі – қолөнер буйымдардың ұлттық нақышта, сапасы сын көтеретін деңгейде болуы. Ең сұранысқа ие – ұлттық нақыштағы қуыршақтар коллекциясы. Осы коллекция жайлы толығырақ айтсам. Әрбір қуыршақ қолмен кестеленіп, әшекей бұйымдар арнайы тігіледі. 1 қуыршақ жасау үшін арнайы материалдарға тапсырыс беремін. Көбісі сумоншақпен, мақпал, велюр, жібек матасымен тігіледі. Бір қуыршақты жасау үшін шамамен 1 ай уақыт кетеді. Сатып алам деушілер саны көп. Қазіргі таңда коллекцияда 30 шақты қуыршақ бар. Мысалы, түрлі ұлыс өкілдері бейнелеген топтамада 12 қуыршақ бар. Ұлттық киім – халықтың мәдениеті мен дәстүрінің айқын көрінісі. Әрбір ұлттың киіміндегі кез келген ою-өрнектен қолөнердің озық үлгісін көруге болады. Одан тұрмыс, табиғатпен байланысын, тұтас дүниені бөлшектеп суреттеген бейнені көруге болады. Яғни, әрбір киімі аталған ұлттың дәстүрлеріне сәйкес жасалады. Тігілген әрбір дүниенің өзіндік мәні бар, оны киюдің, жас ерекшелігі, мерекелерге, мезгілге сай болуы ескерілді, – дейді Сабина.

Ісмер қыздың өнімдері әлеуметтік желі арқылы сатылуда. Қызығушылық білдіргендердің көбісі сыйлық үшін алады екен. Бастапқы тіккен 10 қуыршақ демде сатылып кеткен. – Алғашқы қуыршағымның киімі, тігісі де қарапайым болды. Көз тартар дүние шығу үшін шындалу қажеттігін түсіндім. Тігін әдістерінің, ою-өрнек салудың түрлерін ғаламтордан іздей бастадым. Шетелдік мамандардан матаға жаңа рең берудің алуан түрін меңгердім. Өз жұмысымның нәтижесін көріп, қолымнан келетініне көз жеткізген соң бұл іспен табыс табуға болатынын түсіндім. Алғашқы коллекциямда ұлттық киімдегі 10 қуыршақ болды. Жартысы бірден сатылып кетті. Алайда мен тек сатып, пайда табу үшін жасамаймын. Уақытымды өзіме ұнайтын жұмысқа арнау үшін тігінмен айналысамын. Қазір тек әйелдер костюмін тігемін, бірақ болашақта ерлер костюмін де тігуді де ойлаймын. Алдағы уақытта осы кәсіп түрін үйренемін деушілерге курс ашу жоспарлануда, – деді ол бізбен әңгімесінде.

Кейіпкеріміз Ресейдің «Московская правда» ұйымдастырған қолданбалы өнер байқауына қатысқан. Қолөнер бұйымдары, соның ішінде орыстың ұлттық киіміндегі қуыршақ «Народное творчество» номинациясын иеленген. «Ерекше атап өтерім, менің жұмыстарымды бірнеше шетелдік маман бағалады. Қуыршақтар мен жасалу үлгісін голливуд жұлдыздарына киім тігумен айналысатын американдық танымал дизайнер, модельер Ник Верреос жоғары бағалады. Жұмыстарым әлеуметтік желіде жақсы танымал. Қуыршақтардың қазақи киімде бейнеленгенін көрген шетелдік дизайнерлер сұлулығына тамсанады», – деді ол.

Мөлдір САБЫРЖАН

ЖҰЛДЫЗ – ЖОРАМАЛ

(27 шілде – 2 тамыз)

Тоқты
Апта басында қиын мәселелермен беттесуіңіз мүмкін. Оны тек қана қолдаушыларыңыз бен бедделді таныстарыңыз ғана шешеді.

Торпақ
Апта жағынан жағымды жаңалықтарға толы болмақ. Алайда аяқсыз қалған жұмыстарыңызды ойлап бас қатуы мүмкін.

Егіз
Орын алған жайттардың бәрі жақсы болып көрінгенмен біршама қиындықтар туады. Ісіңіз ойдағыдай болмауы мүмкін. Сондықтан ойланып әрекет жасаған абзал.

Шаян
Жалғыз жүрген жандар серігін іздеуде асқан белсенділік танытады. Бұл аптада адамдармен оңай тіл табысып, жаңа мүмкіндіктердің есігі ашылады.

Арыстан
Өміріңізде үлкен өзгеріс болғалы тұр. Тек жақсы жағынан. Қашанда байыппен қарап, ақырын күтіңіз.

Бикеш
Жұмыста, жеке өміріңізде көптеген қиындық туындайды. Өз күшіңізге сеніңіз. Болашақта табысқа жеткіңіз келсе, сабырлық таныту қажет.

Таразы
Денсаулығыңызға қараңыз, өзіңізді күтіңіз. Аптада жоспарларыңыз сәтті жүзеге асады.

Сарышаян
Абайлаңыз, отбасыңызда түсініспеушілік орын алуы мүмкін. Жақындарыңыздың жаман жағын емес, жақсылығын көре білген дұрыс.

Мерген
Апта қарбаласқа толы болмақ. Тіптен оқиғаның бірінен кейін бірі орын алып жатқанына таң қалуыңыз да мүмкін. Оны жіберген қателіктеріңіздің жазасы деп есептеп, дұрыс шешім қабылдаған жөн.

Тауешкі
«Бір қиындықтың артынан екі жақсылық күт" демекші, кез-келген қиындыққа шыдап бағыңыз. Ісіңіз алға жылжуы мүмкін.

Сұқұйғыш
Алғырлығыңызды мейлінше көрсете білсеңіз, жақсы жетістіктерге қол жеткізуіңіз мүмкін. Жаңа аптада адамдармен танысу сіз үшін пайдалы болмақ.

Балық
Жақындармен жылы қарым-қатынас орнатыңыз. Қиындыққа еш мойымай, алға қадам басыңыз.

Кезекші редактор: Д.БӨКЕБАЙ

АКВАТЕРАПИЯ: БАЛАЛАР НЕГЕ ЖҮЗУ КЕРЕК?

«Жүзуді білмеген суда жанынан айырылады, бағуды білмеген далада малынан айырылады» деген қазақ халқы суға жүзіп шыныңуды, сондай-ақ малтудың, жүзудің қыр-сырын жастай игеруді пайдалы деп таныған. Суға жүзуді үйренудің бала денінің сау болып, түрлі қауіп-қатерден тайсалмайтын батыл, ержүрек азамат болып қалыптасуында маңызы зор. Ал қазіргі таңда су денені шыныңтырудың бір тәсілі ғана емес түрлі дертке дәру боп отыр. Мамандар тарапынан терапия ретінде ұсынылуда. Бүлдіршіндер суға жүзуді не үшін үйрену керек? Су терапиясының тиімділігі мен артықшылығы неде?

Дәрігерлердің айтуынша, суда жүзу жас мөлшері жағынан да, денсаулық жағдайы бойынша да қарсы көрсетілімі мен шектеулері жоқ спорт түрі. Жүзу тірек-қимыл аппаратының созылмалы аурулары бар адамдарға да пайдалы. Соңғы жылдары ғылым мен медицина аутист балаларға да судың әсері мол екендігін жиі айтып жүр. Тіпті, серфинг арқылы ерекше балаларды «өз» әлемінен суырып алуға жасалған әрекеттердің тиімділігі ашық ресурстарда жариялануда. Интернетте су терапиясының сырын түсіндіруге тырысқан зерттеулер де баршылық. Олардың айтуынша, су баланың визуалды қабылдауын күшейте түседі. Сол арқылы баланың бойында оған қажетті нақтылықты арттырады. Шетелдік ғалымдардың мәлімдемелерінде су балаларға қауіпсіз және оларды қолдайтын орта ретінде сипатталады. Су қысымы балаларды құшақтап алғандай әсер етеді екен. Яғни, түсінікті тілмен айтқанда махаббат пен кеңіл бөлуді қажет ететін бүлдіршіндерді құшағына алып, жан баласына жапа шектірмейтіндей күй сыйлайды

Иллинойс университеті жанындағы Бекман институтының ғалымы Уильям Гриноудың пікіріне қарағанда, жүзу, серфинг, падлбординг секілді негізгі қозғалыс дағдыларын меңгеру адамның жүйке жүйесіне ықпал етеді. Мысалы, мидағы маңызды нейрондар орналасқан бөліктерге қанның келуін арттырады. Ол мидың алдыңғы бөлігіндегі аномальдық құрылымдардың қайта құрылуына ықпал етеді.

Балаларды бассейнмен достастырудың маңызы мен мәні түсінікті. Қызылордада да балаларға арналған бірнеше бассейн бар. Орталықта орналасқан «Жан-Ай» кішкентайларды ғана емес, ересектерді де жеке, топтық, тренермен, тренерсіз жүзуге қабылдайды. Ал «Аквадети» – тек балаларға арналған жалғыз бассейн. 2017 жылдан бері үздіксіз қызмет көрсетіп келе жатқан бассейнде бапкерлер мен интструкторлар 40 күндік сәбиден 7 жасқа дейінгі балаларды жүзуге үйретеді. Тіпті, жүзуден жарыстар да ұйымдастырылып тұрады. Баланың судан қорықпауына, еркін жүзе алуына, толқынға қарсы тұрып, тірек-қимыл, жүйке жүйесінің, ми қыртыстарының дамуына жағдай жасау арқылы бала физикалық тұрғыдан ғана емес, ментальді тұрғыдан дені сау, жаңа дүниелерді үйренуге икемді боп өседі. «Аквадети» бассейнінің тұрақты келушісі, жүзуге талпынған кішкентай Ханшайымның анасы Назгүл Жағыпарова жүзу мен баласының өміріне әсері туралы: «Қызым Ханшайым 2 жасынан бері аталған бассейнге келіп, жүзудің қыр-сырын меңгерді. Су астында қалай демалуды, түрлі тәсілдерін шыдамдылықпен үйрете білген, қызымның қызығушылығын оята білген тренер Бағдатқа, бассейн ұжымына алғыс айтамын. Мұнда барлық жағдай жасалған. Суы таза, бапкерлер баламен жақсы жұмыс істейді, бағасы да қолжетімді. Жай ғана күнделікті жүзуді үйренуден бөлек тірек-қимылында мәселесі бар балалар да жиі келеді. Остеопат-дәрігерлер де ондай жағдайда баланы бассейнмен достастыру керегін алға тартады. Бассейнге барғалы қызымның зейіні, жаңа ақпаратты қабылдауы жақсарды. Иммундық жүйесі де жақсарғандай. Себебі сәл нәрсеге тұмауратып, ауырып қалмайтын болды. Мұның барлығы судың сиқыры», – дейді.

Аделина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6931
Тапсырыс: 1172